

KUN TARTIBI

КӨРЕГЕН КӨШБАСШЫ

2-бет

AINA

КӨШЕ БЕЛГІСІ
ҚАЙДА ЕКЕН?

3-бет

ZERDE

ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ,
ҚАРАТАУДЫҢ ҚЫРАНЫ

4-бет

KELBET

ЕЛІНЕ – ҚОРҒАН,
ЖЕРІНЕ – ҚАМҚОР

5-бет

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 76 ЖЫЛ

МЫҢ АЛҒЫС САҒАН, АРДАҒЕР!

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 76 жылдығы қарсаңында қала әкімі Қайрат Әбсаттаров жезқазғандық ардагерлермен жүздесіп, жағдайын білді. Биылғы Жеңіс туы желбіреген мамырға 4 ардагер аман-есен жетіп отыр. Олар – Нина Степановна Виноградова, Иван Кузьмич Артеменко, Александр Тимофеевич Гусак пен Алексей Михайлович Миненко.



Соғыс жалынының қак ортасында жүріп, кеуделерін оққа тосқан батырлардың жанқияр ерлігін мемлекетіміз де ескерісіз қалдырған емес. Соның бір нышаны ретінде сәуір айында төрт ардагерімізге 1 миллион теңге ақшалай төлем аударылды. Мерекемен құттықтап, гүл шоқтары мен құттықтау хатын және жеміс-жидек толы себеттер табыс еткен қала әкімі қарт майдангерлердің денсаулығы, оларға көрсетіліп жатқан әлеуметтік қызметтер барысын өз көзімен көріп шықты.

Қала басшысы, алдымен, **Нина Виноградовамен** кездесті. Фашистік Германия Кеңес одағына кенеттен шабуылдаған 1941 жылы Нина Виноградованың жасы небәрі он сегізде

еді. Алайда, жастығына қарамастан ожет қыз майданға медібі болып алынады. Ерлік жолын туған жері Лукавскіден бастаған ол пен оқтын ортасында жүріп, жаралы сарбаздардың жанынан табылды. Сержант шеніндегі медібі кейін Киев, Харьков, Бухарест, Прага, Варшава, Будапешт сынды ірі фронттарда бағындық көрсетті. Өмірінің бес жылын соғыста өткізген Нина Степановна майданда батолыон командирі Константин Виноградовпен көңіл жарастырып, шаңырақ көтерді. Австрия жерінде бірін-бірі ұнатып, көңіл жарастырған майдангер жастар сол жерде некелерін қияды. Екеуі де соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Красная звезда» орденімен марапатталды. 1953 жылы қазақ жері-

нен пана іздеп келген ардагерлер отбасы мысты олкеде тұрақтады. Отағасы мыс қорыту зауытына, Нина Степановна ауруханға жұмысқа кіреді. Кейінірек Жезқазған кен-металлургия комбинатында еңбек еткен батыр қыз қазір жезқазғандықтардың еркесіне айналды. Жылда 9 мамырды аяғынан тік тұрып қарсы алатын Нина Виноградованың омырауында «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков медальдарымен қатар «КСРО санитарлық қорғанысының үздігі» белгісі мен көптеген мерекелік медальдар жарқырап тұр.

▶▶ 2-бетте

БІЛІМ САЛАСЫ ЗОР ҚОЛДАУҒА ИЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауына бірқатар мәселе көтеріп, үкіметке түрлі тапсырма берді. Ел Президенті назарына білім саласы да тыс қалмады. Жолдау жүзеге асырылған саласы қызметкерлерінің айлығын өсіру, тегін тамақтандыруды ұйымдастыру, білім беру ұйымдарында тегін спорт секцияларын ашу сынды міндеттер бүгінде сәтті жүзеге асырыла бастады.

Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Қалада 20 мектеп, оның ішінде 1 кешкі мектеп бар. Сапалы білім алу үшін әдеттегідей сабаққа қатысып, мұғалімдермен және сыныптастармен араласудың орны бөлек. Сондықтан санитарлық талаптарды сақтай отырып, елдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес 1-5 және 9,11-сынып оқушылары аралас оқыту форматында пәндердің 70%-ы штаттық режимде, 30% қашықтан оқытылып жатыр. Сыныптардағы балалар саны 25

адамнан аспайды. Оқу процесі «1 сынып – 1 кабинет» қағидаты бойынша сабақтың ұзақтығы – 40 минут. Сабақ кестесі оқытудың аралас форматын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалынған, үзілістер әртүрлі сыныптар үшін әр түрлі уақытта ұйымдастырылып, барлық кіру есіктері мен шығу есіктері пайдаланылады, ауысымдар саны артып, міндетті мектеп формасы талап етілмей, балалар мектепке ұқыпты және ыңғайлы киіммен келіп оқиып жатыр. Ата-аналармен және заңды өкілдермен байланыс қашықтан интернет-ресурстарды және басқа да қолжетімді байланыс құрал-

дарын пайдалана отырып жүзеге асырылып жатыр.

Мектепке дейінгі мекемелер, балабақшалардың кезекші топтарында 15 баладан тәрбиеленуде. Ал шағын орталықтардың жұмысы уақытша тоқтатылған. Қалада 3427 балаға арналған 14 балабақша, 11 шағын орталық, 5 жекеменшік балабақша жұмыс істейді.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамту мақсатында 2020-2023 жылдарға арналған «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС тарапынан жалпы жобалық қуаты 880 орындық 4 балабақша салу жоспарлануда.

▶▶ 8-бетте

ТАҒЗЫМ

«АТАМЕКЕНДІ» БІРГЕ ШЫРҚАЙЫҚ!

«АТАМЕКЕН»
әнін бірге шырқайық!

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының жастары барша қазақстандықтарды «Отан қорғаушылар күніне орай» дақты композитор Е.Хасанғалиевтің рухына арналған «Атамеке» әнін бірге шырқайық! атты онлайн түрде өтетін патриоттық аспаға белсенді қатысуға шақырады!

7 МАМЫР
Сағат 11:00

2021

өр үкіде, әр аулада, алаңдарда «АТАМЕКЕН» әнін бірге шырқайық!

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

Қазақ КСР Халық әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» және «Отан» ордендерінің иегері, Құлттық эстрада өнерінің жарық жұлдызы, біртуар сазгер, дара дауисты әніші Ескендір Хасанғалиевтің бәйбішесінің қазак кәмеде-кәм.

Ол 1940 жылы 13 ақпанда Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. 1959 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының вокальды-хор факультетін, 1978 жылы әл-Фараби атындағы Шымкент мәдениет институтын бітірген ол операсүйер қазақ халқы мен алыс-жақын шетел жұртын лирикалық баритон дауысымен тәнті етті, есуді да сырлы әндерімен сүйсініп білді. Ол 200-ге жуық әндер мен хорлардың авторы.

Сәуір айының соңында қаймана қазақ дара тұлғалы ұлы Ескендірінен айрылып, қара жамылды. Жұқпалы індет Хасанғалиевтер әулетін де айналдырды. Қазақтың Ескендірі десек ескірмейтін «Атамеке» әні еске түсері ақиқат. Ұлттық болмысымызды тура танытып, бойымызға қуат, жүрекке жігер беретін, рухани аңғарымызға айналған бұл ән 1970 жылы жазылған екен. Оң сөзін жазған – Қадір Мырзаәлі. Жарты ғасыр өтсе де әлі күнге дейін бірде-бір мемлекеттік дәрежедегі дүбірлі жындылар мен кештер «Атамеке» әнін өткізеді.

«Атамеке» әнін бірге шырқайық! атты патриоттық акция ұйымдастырмақ. Бүгін сағат 11.00-де басталатын акция шартына сәйкес мысты шаһар тұрғындары композитордың «Атамеке» әнін айтып, ғаламтор желісіне жүктеуі қажет. Аталған акция Отан қорғаушылар күні еліміздің барлық ер-азаматтарына құрмет көрсету және Ескендір Хасанғалиев есімін ұлықтау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Ардақты Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері! Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері! Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 76 жылдығы және Отан қорғаушы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Жеңіс күні еліміздің барлық азаматтары үшін ең қасиетті мереке болып табылады. Осы қанды шайқаста халқымыз нацистік Германияның басқыншылығына қарсы тұрып, әлемді фашизмнен құтқарды. Бұл Жеңіс бізге қымбатқа түсті. Майданға шақырылған миллион екі жүз мың отандасымыздың 610 мыңға жуығы үйлеріне оралмады. Опасыз соғыс әрбір отбасының тағдырында өз ізін қалдырды.

Өзінгі мызғымас бірлігінің, еңбекқорлығы мен жанқиярлығының, Отанға деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында бізге бейбітшілік, еркіндік пен Тәуелсіздікті сыйлаған аға ұрпақтың ерлігін мәңгілік есте сақтап, болашаққа жеткізу – бізге амант.

Айтулы күні ерекше ықыласымыз бен алғысымыз тыл еңбеккерлеріне арналады. Сіздер басқа түскен қиыншылықтарға, жоқтыққа қарамастан, күнбе-күн Жеңісті жақындатыңыздар. Сіздер майданға кеткендердің орнын басып, Қазақстанға көшірілген жүзтеңге зауыттарды іске қосып, майданды ауалай қажет танктер, ұшақтар, оқ-дәрілер және азық-түлікпен қамтамасыз еттіңіздер.

Жеңіс күні қарсаңында Республикамызда Отан қорғаушылар күні мерекеленуінің мәні зор. Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен жауынгерлік дәстүрлерді жалғастырудың айқын көрінісі. Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері дайындықтың жоғары деңгейін көрсетуде, заманауи техникаға ие және ел мен оның азаматтарын қорғауда барлық міндеттерді орындауда дайын.

Құрметті Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары және ардагерлері! Егеменді мемлекетіміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қосқан баға жетпес үлестеріңіз үшін, Сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Айтулы мерекелер қарсаңында баршаңызға аманшылық, келісім мен бейбіт өмір тілейміз! Сүйікті Отанымыз – Қазақстанның бірлігі нығайып, өркенді берсін!

Мереке құтты болсын!

Қала әкімі
Қалалық мәслихат хатшысы

К.ӘБСАТТАРОВ
Ә.ДОСАНОВ

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ ӘСКЕР – ӨМІР МЕКТЕБІ



Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміздің шекарасын айқындап, тұтқазымын қақтық іргемізді бекіттік. Сол шекарамыздың бекемдігі, аспанымыздың ашық, ел бақыттымын баянды болуы – Отан қорғаушылар қалында екені бәрімізге белгілі. Биыл – Тәуелсіз еліміздің айыбын болып табылатын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 29 жыл толып отыр. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құрған Қарулы Күштер ширек ғасырдан астам уақытта Қазақстанның ауқымдық бүтіндігі мен егеменділігін берік қалқанына айналды. Бүгінде ол – соңғы үлгідегі қару-жарақпен және әскери техникамен жарақталған жоғары мобилді жауынгерлік қабілетті, кәсіби әскер. Қарулы Күштер қатарында жүрген сарбаздар мен сардарлардың қатары да жыл өткен сайын білікті азаматтармен толығын келеді. Мереке қарсаңында біз сондай азаматтың бірі, бейбіт елдің тыныштығын қорғап, өз маддырын ел маддырымен байланыстырған жас сарбар, Жезқазған қаласының іргесінде орналасқан 44803-Д әскери бөлімі рота командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, лейтенант Шахрух Әуезулы НАЗАРОВпен жүздескен едік.

– Алдымен өзіңізді келе жатқан мерекеніңізді құттықтауға рұқсат етіңіз. Сіз қызмет ететін әскери бөлім төл мерекені быыл қандай табыстармен қарсы алып отыр? Жалпы, атқаратын жұмыстарыңыз жайлы айта кетсеңіз.

– Рахмет! Өңгімені әріден 4803-Д әскери бөлімінің тарихынан бастасам. Біздің бөлім қорғаныс министрлігінің 1989 жылдың 15 шілдесіндегі директивасына сәйкес Торғай облысы Державинск қаласындағы Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің 420-ракеталық полкі, 10866 әскери бөлімінің негізінде

құрылды. Полк құрамына С-75 зенитті-ракеталық дивизионы, техникалық дивизионы және қамтамасыз ету бөлімдері кірді. 1996 жылы әскери-саяси жағдайлардың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің директивасына өзгертілуіне орай бөлімнің жаңа орны Қарағанды облысындағы Саран қаласына көшірілді. Осы сәттен бастап әскери бөлімнің қалыптасу кезеңі жаңаша сипатқа ие болды. Бүгінгі таңда бригада құрамына С-200, С-300, зенитті-ракеталық дивизиондары, Қарағанды облысындағы Жезқазған, Балқаш, Приозерск қалалары, сондай-ақ,

Костанай облысына қарасты Костанай, Арқалық қалаларында орналасқан 5 бірдей жеке радиолокациялық роталары кіреді. 4803-Д әскери бөлімі 2001 жылдың қазан айында Семей қаласындағы Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бригадасынан ықпалмен Жезқазған қаласындағы кәсіргі орнына жеткізілді. Біздің әскери осылайша құрылды. Азкем уақыттың ішінде радиолокациялық ротаның әскери техникасы мен қару-жарақтары мысты өлкеңіз әуежай бағытындағы мекен-жайға топтастырылды.

▶▶ 2-бетте

ТІРІ ВАКЦИНА ӨЗІРЛЕП ЖАТҚАН БІЗДЕН БАСҚА ЕЛ ЖОҚ

Қазақстан тынымсыз еңбек еткен ғалымдарымыздың арқасында COVID-19-ға қарсы өз вакцинасын жасап шығарған санаулы елдің қатарына қосылды. Бұл – біздің ғылымның әлеуеті жөзгерісі екеніне айқын дәлел. Сол отандық вакцинаны әзірлеуші ғалымдар тобының жетекшісі, биологиялық қауіпсіздік проблемаларының ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұл ЗАКАРЬЯ елордада кезегінде бас басылымға уақыт болып, көкейдегі сұрақтарымызға жауап берді.

– Кез келген ғылыми операцияның өлшемі – халықаралық журналда жарияланған зерттеудің қорытындысы жөніндегі мақала. Онысыз операцияның өндіріске айналуы мүмкін емес. Отандық вакцина туралы ғылыми мақала әлі жарияланған жоқ. Бірақ алғашқы озысы өндірілді. Біз ғалымдарымыздың бөделін бәйбесе тізіп отырған жоқпыз ба?

– Иә, біз биология, вирусология, вакцинология саласындағы әлемнің ең мықты ғалымдары рецензия беретін ғылыми журналға мақала жарияланбай тұрып өндірісті бастап кеттік. Себебі вакцинаны клиникалық сынақтан өткізудің бірінші және екінші сатысы толығымен сәуір айында аяқталды. Соның ішінде алғашқы сатысы 3 сәуірде, екінші сатысы бойынша жұмыстар 180 күн, яғни толық 6 ай болып 17 сәуірде мәресіне жетті. Біз қорытындыларды жаңа ғана алып отырмыз. Рецензенттер аралық қорытындыны алмайды, 180 күн өткеннен кейінгі сынама нәтижелерін ғана қабылдайды. Шыны керек, вакцинаны клиникалық сынақтан өткізудің аралық қорытындыларын Web of science дерекқорындағы импакт факторы жоғары ғылыми журналға өткізіп қойғанбыз. Сол сәтте біз оларға 1, 2-сатысының толық қорытындыларын кейін тапсыруға уәде еттік. Қазір жолдаған жұмысымыз тексеріс пен өңдеулен өтті. Енді сол тапсырылған қорытындылар мақалаға енгізіліп, ғылыми еңбектің белгіленген талаптарымен жазылып, қосымша жіберіледі. Рейтингі жоғары журналда мақала жариялаудың қалай екенінен хабардар шығарсыз?!
– Иә, кейде жылдаған уақыт кетеді. Дегенмен рецензенттерден қандай да бір түзетулер мен ескертпелер келетін уақыт болды ғой. Жұмыстың жүріп жатқанын осымен білмейміз бе?

– Дәл солай. Жұмыс жүріп жатыр. Біз әлемдік деңгейдегі рецензенттерден алғашқы пікірді алып, олармен тығыз байланыс орнатып отырмыз. Мақалалық Америкадағы клиникалық зерттеулерді басып шығаратын арнайы журналға тапсырылды. Оны халықаралық дәрежесі жоғары медицина ғалымдары қарап жатыр. Оларға да оңай емес. Өрбір тұсын жіті қадағалап, оқып, ой елегінен өткізіп, тексеруіне тура келеді. Кейбір сұрақтары, пікірі, ескертпесі өте орынды, соның нәтижесінде ақпарат толықтырылып, біз байқамай кеткен маңызды жерлері тың деректермен байытылды. Қазір екі тарап арасында қарқынды сұрақ-жауап процесі жүруде. Өрине, мұның бәрі ұзақ уақытты қажет етеді, ғылыми мақаланың жариялануы сол себепті кешеуілдеп жатыр.

– Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) неге өндіріске ұсынғын беріп отыр. Клиникалық сынақтың 3-кезеңі әлі аяқталған жоқ ғой.

– Қазір ғана емес, әлемде қазір қолданысқа енгізіліп үлгерген вакцинаның бәрі де клиникалық сынақтың 3-кезеңінен әлі толық өткен жоқ. Бірақ әр мемлекеттің берген уақытша тіркеу негізінде бірнешеуіне өндіріске рұқсат берілді. Өйткені тек вакцина-лау ғана пандемияның алдын алады. Қауіп-қатерге қарап клиникалық кезеңнің 2-сатысынан сәтті өткен вакциналарды етуге ұсынғын беріліп отыр. Бізге де 3-сатысының 50%-ы аяқталғаннан кейін ұсынғын берілді.

– Елімізде алғаш рет маймылға осы вакцинаны әзірлеу барысында сынақ жүргізіңіздер. Қалай болды?

– Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан дүние жүзіндегі 6-мемлекет болып пандемиялы тұмауға қарсы вакцина шығарды. О кезде әлі пандемия жарияланбаған еді, шекаралар ашық болды. Сондықтан біз тұмау вакцинасының соңғы зерттеулерін ДДҰ-ның сертификаттауынан өткен Бельгиядағы зертханада жүргізілді. Маймылдарға клиникаға дейінгі, адамдарға клиникалық сынақты сол аталған елде өткіздік. Соның нәтижесінде тұмауға қарсы әзірлеген вакцинамыз ДДҰ-ның тізіміне енді. Ал коронавирус кезінде мұндай мүмкіндік болған жоқ. Жан-жақтың бәрі жабылды.

▶▶ 3-бетте

КӨРЕГЕН КӨШБАСШЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы тойланатын тұста Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегі жайында айтпай кетпеске болмас. Оның есімі Қазақстан тарихында алтын әріптермен жазылды.



1991 жылғы 1 желтоқсанда болған, ел азаматтарының 88,23%-ы қатысқан Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы – Қазақстанның жаңа тарихының ұмытылмас кіріспесі, жалпықазақстандық бірліктің маңызды тұғырларының бірі. Сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлына қазақстандықтардың 98,78 %-ы дауыс берді. Сол тұста Қазақстан халқы Нұрсұлтан Назарбаевқа ұлы жауапкершілік жүктеп, ұлы міндеттер артты. Содан бергі жылдар ішінде осы тарихи миссияны Елбасы асқан даялдықпен және өз халқына деген перзенттік сүйіспеншілікпен атқарып келді. Әлі де елінің жарқын болашағы жолында тер төгіп, халқының жанында.

Қазақстан табыстарының сәулетшісі Президент Н.Назарбаевтың саяси көрегендігін жоғары бағалаймын, ол айтылып жатқан сындарға қарамастан, елін қуатты экономикалық мемлекеттердің қатарына қосып, бұрынғыдан да ауқымды саяси реформалар жасауға кірісті. Біздің Елбасымыздың бүкіл еңбегі осы бірнеше жолда тамаша көрініс тапқан сияқты.

Кенестік жүйеден шындалып шыққан Нұрсұлтан Назарбаев – Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалап, оның өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға, экономиканы қарқынды дамыту мен халықтың әл-ауқатын арттыруда айрықша табыстарға қол жеткізген кемел көшбасшыға айналды. Ол – бабаларымыздан келе жатқан ұлы арман – Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы қиын белестерден халқын аман алып өтіп, тарих төрінде өз орнын алды.

Отыз жылдың ішінде біздің еліміз 140-тан астам елмен қарым-қатынасын дамытып, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Ислам Ұнтымақтастық Ұйымы секілді ең ірі халықаралық ұйымдарды басқарған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді өңірлік ұйымдарды құрудың бастауында тұрды. Әлемдік және достұрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу туралы идеяларды ойдағыдай іске асырған да – біздің Қазақстан.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы АҚШ конгресмені Крис Кэнон былай деген еді: «Мен жас Қазақстанның дамуын үлкен ықылас қоя қадағалап жүрмін, 1991 жылы бұрынғы Кеңес Одағынан Тәуелсіздік алған сәттен бастап, бұл ел таңғаларлық саяси және экономикалық жаңғыруларды басынан кешірді. Қазақстан қараштап алға басып келеді, әрі дұрыс бағытта келе жатыр. Қазақстан қалыптасты, бұған оның басшысы Н.Назарбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Мен

ның арқасында ғана жүзеге асты. Осы көрегендік және даңа мемлекеттік шешім үшін болашақ ұрпағымыз Қазақстанның Тұңғыш Президентіне әрдайым риза болады. Тәуелсіз мемлекетіміздің даму жолындағы барлық жетістіктер Тұңғыш Президентіміздің ерен еңбегімен байланысты. Тұңғыш Президенттің бастамасымен әзірленген мемлекеттік бағдарламалар ел экономикасының өркендеуіне үлкен серпін әкелді. Инвестициялық жобалар іске асты, жұмыс орындары құрылды. Халықтың тұрмысы жақсарды. Әлеуметтің әлеуеті әрленді. Бұның бәрі елдегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің арқасында мүмкін болды.

Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздіктің алғашқы күндерінде: «Күшіміз – жауапкершілікте, бірлігіміз – әралуандықта, еркіндігіміз – келісімде, абыройымыз – игілікте, қауіпсіздігіміз – ашықтықта, Тәуелсіздігіміз – серіктестікте. Болашағымыз – бүгінде», – деген болатын. Біз күні бүгінге дейін осы ұстанымды темірқазық тұттық. Себебі осы ұстаным бізді адастырған жоқ, адастырмайды да.

Гүлзада ЖҮСПӨЛІЕВА, Қ. ШЫҒЫСОВ АТЫНДАҒЫ №5 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі




МЫҢ АЛҒЫС САҒАН, АРДАҒЕР!

(Соңы. Басы 1-бетте)



Бейбітшілік үшін қарыздар батырдың бірі – Иван АРТЕМЕНКО. Ол 1926 жылғы 20 мамырда Алматы облысының Сарканд ауданына қарасты Покатиловка селосында туы. Соғысқа дейін Тадықорған облысы Антоновка селосында жұмыс істеген ол 1943 жылы майданға алынды. Ленинград майданында және Прибалтикада шекара әскері құрамында аға сержант шенінде бөлімше командирі болып соғысқа қатысты. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен, Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалімен және мерекелік медальдармен марапатталған Иван Кузьмич 1953 жылы елге оралды. Ал, 1975 жылдан бері Жезқазған қаласында орнығып, Жезқазған байыту фабрикасында еңбек етті.



Соғыс сұмдығының күегері Александр ГУСАКОВТЫҢ өмірі де қиындыққа толы болған. Ол – Украинаның тумасы. Он сегіз жасында майдан даласына аттанған жауынгер соғыс зардабының ауыр болғаны және әлі күнге дейін бәрі оның есінде екенін ұрпағына айтып отыр. Прага мен Польшада атқаштар полкінде ерлік көрсеткен Александр Тимофеевич окқа ұшып жараланған да. Ол 1942 жылы Волгоград тұсындағы шайқасқа жау қолына түсіп, фашистер тұтқынында азапты күндер кешеді. Соғыс аяқталып, АҚШ әскерінің көмегімен тұтқыннан босаған Александр Гусак Қазақстанға қоныстанып, Жезқазған қаласының өркендеуіне үлес қосқан.

Емделіп шыққаннан кейін Великие Луки қаласы түбінде, Новосокольники майданында шайқасты. Көп ұзамай Смоленск түбіндегі соғысқа араласты. Алексей Миненко ең алғашқы наградасын 1943 жылдың наурызында, Новгородты жаудан азат еткеннен кейін алыпты. 1944 жылы Ленинград үшін ұзақ уақыт соғысқан майдангер – Норвегия мен Белоруссияны жаудан аман алып қалуға атсалысқан көптің бірі. Жау әскер Алексей Миненко қызмет еткен дивизия 1945 жылы сәуір айының соңында Германияға да жетті. Штецен қаласынан Одерге, одан Берлинге шықты. Соғыстан кейін Алексей Миненко тағы төрт жыл Германиямен шекарада қызмет етіп, туған ауылына 1949 жылы оралды. 1952 жылы отбасымен бірге жаңадан бой көтеріп жатқан Жезқазғанды бетке алған ол «Спецстрой» тресінде шофер, Жезқазған байыту фабрикасында слесарь болып жұмыс істеді.

Иә, қаһарлы күндерде қайратын жиып, елі үшін қасық қаны қалғанша күресу, жеңіс үшін жанталасып, бар күшін сарп ету кез келгеннің қолынан келе бермейтін ерлік. Осы тұста ашық аспан астындағы алаңсыз өмірді сый еткен соғыс ардагерлеріне айтар алғысымыз айрықша, құрметіміз зор.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

АЛТЫ ҚАРАҒАНДЫЛЫҚ

«100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы болды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында «100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыруға бастама жасаған болатын. 2017 жылдың 12 сәуірінде елінің әлеулі азаматтарының сұмыр жолын кейінгі буын үшін үлгі етіп, олардың ерен еңбегін насихаттау мақсатында іске қосылған жобаның 2021 жылғы жеңімпаздары анықталды. Оларды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

«100 жаңа есім» жобасына өтінімдер 2021 жылдың 22 ақпанынан 15 наурызына дейін 100naesim.ru.kz сайтында қабылданды. Биылғы байқау – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылды. Жобаға елде және елден тыс жерлерде тұратын қазақстандықтар қатыса алды. Қатысушылардың өтінімдері медицина, білім беру, ғылым және инновация, экология, мәдениет және спорт, бизнес, қоғам атты жеті номинация бойынша іріктелді.

Дүбірлі додаға қатысқан 2790 қазақстандықтың ішінен дараланған жеңімпаздардың қатарында Қарағанды облысының намысын қорғағандардың да бары қуантады. Атап айтсақ, шахтер Даниель Дильдин, актриса Дина Зайтованың, музыкант Арыстан Әбділиннің, «Бизнес» санатында Виктория Пак пен «Медицина» номинациясында Дарын Әбдіжановтың және Қазақстандағы жалғыз ұшқыш қыз Ардана Ботадын есімдері ел тарихына енді.

Келер жылдары да заңды жалғасын табатын «100 жаңа есім» жобасына қатысу үшін үміткер ҚР 18 жасқа толған азаматы болуы шарт. Сонымен бірге, елдің дамуына нақты үлес қосып, мемлекеттің жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал ететін қызмет саласында еңбек етуі керек.

Өз тілшіміз

COVID – 19

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНБЕЙІНШЕ ІНДЕТТІ ЖЕҢБЕЙМІЗ

Коронавирус дерті күн сайын ұшығып келе жатқанын біріміз де жақсы білеміз. 7 сәуірден бастап «қызыл» аймақта тұрған Қарағанды облысында да жағдай маз емес. Күн сайын індетке шалдыққандар саны да артып жатыр. Осы тұста қолымыздан келер жолды аяқтай отырып, аурудың алдын алуға. Өкінішке орай, коронавирс жағдайында біз өзге адамдармен байланыста болмау қажетін жіті ескере бермейміз.

Алдымен коронавирус белгілерін дер кезінде және дұрыс ажырата білгеніміз абзал. Оның негізгі симптомдарына дене қызуының көтерілуі, тұмау, бас ауруы, жөтел, тамақ ауруы, әлсіздік, іш өту жатады. Иммуны жүйесі әлсіз әрі нашарлаған адамдар, сөбілер мен қарттардың вирусты жұқтыру қарқыны жоғары. Инкубация кезеңі – 2 күннен 14 күнге дейінгі аралықты қамтиды.

Көп жағдайда ауру адам желтелгенде немесе түшкіргенде ауа тамшылары арқылы тарайды. Тұрмыстық байланыс арқылы жеке байланыста (жанау, кол алысу, залалды объектіде болу немесе бетті тигізу) жиі жұғайды. Вирус өзі ағадан тыс ұзақ өмір сүре алмайды және бірнеше күн ішінде жойылып кетеді. Вирус өкпеге түскен жағдайда адам үшін аса қауіпті.

Соған сай сіздерге аурудан сақтанудың бірнеше жолын ұсынғым келеді. Әрдайым қол және тыныс алу жолдарының гигиенасын сақтау керек. Қолды 20 секунд бойы сабынмен мұқият жуу маңызды, сабын болмаса, антисептиктерді, спиртті, санитайзерлерді қолдану қажет. Коронавирус иммунитеті төмен адамдарға бейім. Сол үшін дұрыс ұйықтап, қунарлы тамақтарды пайдалануды, спортпен айналысуды естен шығармағандарыңыз жөн. Сонымен қатар бөлмені желдету, жиі қолданылатын заттарды залалсыздандыру құралдарымен сүрту, тыныс алу органдарының шырышты қабығы қабынған адамдармен қарым-қатынас жасамау, коро-

навирус тіркелген, қауіпті аймақтарға сапарға шықпау, адам көп жиналатын жерлерден алшақ болу сынды сақтық ережелерін де қатаң ұстанған дұрыс. Қазіргі таңда елімізде вакцина салдыру жұмыстары белсенді іске асырылуда. Бүгінге дейін 1,5 миллионға жуық қазақстандық екпе салдыртты. Осы тұста екпе ектіруге кеңес берер едім. Себебі аурудан сақтанудың тиімді жолы осы ғана болып отыр.

Рамазан айында ауызшапарға бару, адамдардың топ болып жиналуы жиілейтінді белгілі. Барлық жауапты мамандар барынша сақтық шараларын түсіндіріп, алдын алу жұмыстарын жүргізгеннен, бұл мәселені ескеруіміз қалдырып, ауру күшін сезінбей жүрген тұрғындар да жетерлік. Қазір барлық мекемелерге масканы ғана кіруге рұқсат етіледі. Бұл құбылыс індет басталған сәтпен салыстырғанда бүгінгі таңда қалыпта жағдайға айналды. Дегенмен, көшеде жүргенде де маскалық режимді қатаң сақтағанымыз жөн. Себебі ол жерде адам аз дегенін өзінде, сіздің алдыңызда бірер минут бұрын кім жүріп өткенін, олу жердің ауасында қандай вирус сақталып қалғанын білмейсіз.

Есіңізге болсын, коронавирс қайтырлықты кешірмейді. Біз әрдайым өз денсаулығымызға жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Аталған жауапкершілік – жақындарымыздың амандығының басты кепілі.

Сұңғат ҚАНАЙ, «ЖезДенсаулық» ЖШС фельдшері

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ

ӘСКЕР – ӨМІР МЕКТЕБІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Радиолокациялық ротаның жауынгерлік міндеті – тәулігіне 24 сағат Қазақстан Республикасының орталық өңірлерінің әуе кеңістігін күзету және қорғау. Біздің бөлімің жеке құрамы отаншыл, рухани тәрбиелі, күш-қайраты тасыған офицерлер мен келісім-шарт әскери қызметкерлерінен құралған. Бейбітшілікте, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтуға өзіндік үлес қосып жүрген әріптестерім Отан алдындағы борыштары мен әскери анттарына берік. Олар күн сайын батылдық пен батырлықты насихаттаумен қатар ерен ерліктің үлгісін көрсетіп келеді. Бұл сөзіме балаларды өрттің құрсауынан шығарған прапорщиктер Айберген Құдайқұл пен Юрий Партуға дәлел.

мед Нуракаевқа, сондай-ақ, 4803-Д әскери бөлімінің рота командирі, капитан Талғат Тышканов пен капитан Ерлан Тұрышбаев, III сынып сержанты Бауыржан Тұрышбаев ағаларыма ризашылығымды білдіргім келеді.

– Әскердің қуатын арттырып, әскери қызметтің беделін көтеруге мемлекет тарапынан қаншалықты көңіл бөлініп отыр деп ойлайсыз?

– Біз қолдаудан кенде емеспіз десем, артық айтқандық болмас. Әскери қызметшілерді әлеуметтік қолдау мәселесі ел басшылығының ұдайы назарында. Жоғарғы бас қолбасшы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шешімімен биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысы 35 пайызға артты. Алдағы үш жылда лауазымдық айлықты 70 процентке дейін көтеру жоспарлануда. Айлық жалақымыздан бөлек коммуналдық қызмет үшін қосымша төлемақы төленеді. Әскери киімдер тегін беріледі. Жылына бір рет демалысқа жіберіліп, 2 айлық жалақы көмегі беріледі. Әскери қызметші мен оның отбасы аурухана мен госпитальда тегін емделе алады. Зейнеткерлікке шығу мерзімі 45 жасты құрайды. Пәтер және тұрғын үйі жоқ әскери қызметшілерге ай сайын қосымша пәтер ақысы беріледі. 2018 жылдан бері іске қосылған «Әскери баспана» мемлекеттік бағдарламасының да шарапаты мол.

– Шахрух Әуезулы, бір сөзіңізде колледж оқушыларымен кездесіп, әскери өмір жайында келелі әңгіме өрбітіп жүргеніңізді айтып қалдыңыз. Жалпы, қазіргі бозбалалардың бойынан сарбаз санында болуға деген құшлығы бар ма?

– Алдыңғы толқын ағаларымыз әскерге алынбай қалуды намыс көретінін естіп өстік. Олар үшін екі жыл бойы туған елден жырақта әскери борышын өтеп келу – үлкен абырой еді. Ал, қазір керісінше, денсаулығы жақын тұрса да түрлі сылтау іздеп, қалып қояды көздейтін кейбір азаматтардың да арамызда бар екенін жасыра алмастық. Бұның бірден-бір себебі – патриоттық тәрбиенің әлсіреуі. «Тәрбие – тал бесіктен» демекші, әр отбасында елжандылықтың, отансүйгіштіктің іргетасы қалануы қажет деп ойлаймын. Әр әке өзінің өмір тәжірибесіне сүйене отырып, ұлының жарқын болашағына дұрыс жол көрсетуі керек. Үйде «әскерге бармайсың» деген әңгіме айтылмаса, жігіттер азаматтық борышын өтеуге асығады. Әскермен қорқытудың, әскерден қорқудың реті жоқ. Сарбаз сапындағы бір жыл көзді ашып-жұмғанша өте шығады.

– Әскерге барған және бармаған азаматтың арасындағы айырмашылық туралы не айтасыз?

– Әскер – өзіңше бір өмір мектебі. Сарбаз сапында болған бозбала бірден есейіп, жауапкершілігі артып, тәртіп пен талаптың не екенін жақсы түсінеді. Ер азаматқа тон шымырлық, төзімділік, темірдей тәртіпке үйренеді. Сонымен қатар, алыста болған бір жыл ішінде туған-туысқандарына, жақын-



дарына деген сыйластығы да ныға түседі. Достықтың мәнін терең түсінеді. Өмірдегі ең берік – жауынгерлік достық. Бұл мінез-құлық жағынан болса, екіншіден, қолында әскери билеті бар азаматқа жұмысқа орналасу, қалаған мамандығының иесі болу да жеңілрек тимек. Өйткені, қазір талап күшейтіле түсті. Яғни, қандай да бір қызметке тұру құжаттарының тізіміне әскери билет міндетті түрде сұралады. Сондықтан, қазір денсаулығы жақын тұрса, жігіттеріміздің өздері де сарбаз атануға мүдделі деуге негіз бар.

– Биылғы оқу жылы да аяқталуда жақын. Отан қорғау саласынан өз орнын тапқысы келетін жасөспірімдерге қандай кеңес берер едіңіз? Оларға қандай әскери жоғарғы оқу орындарына түсуге болады?

– Әрине, «Елін қорғау – ердің ісі» дегендей, Отанына деген қамқорлығын көрсетіп, өз үлесін қосқысы келетін жастардың қатары көбейіп, әскери мамандықтың мәртебесі арта берсе, біз оған есте қуана қараймыз. Қазіргі жастар Отан қорғау табыс көзі емес, қасиетті борыш екенін жіті түсінсе дейміз. Болашақ Отан қорғаушылар бойында патриотизм, өз халқына адал қызмет ету, ар-намыс пен ерлік, батылдық қасиеттерін жинақтаса құба-құп. Әскери мамандықты таңдаудың тиімді тұстары көп. Ең біріншіден ол – тұрақтылық. Оқуды бітірген соң жұмыссыз, баспанасыз, табыссыз қалу қаупі бізде жоқ. Біз – мемлекеттің қамқорлығындамыз.

Оқу орындарына келер болсақ, өзін білім алған жарты ғасырлық тарихы бар Алматы қаласындағы құрлық әскерлерінің әскери институтын ұсынар едім. Бұл институттан 73 генерал, 3 Халық қаһарманы түлегеннен қалайша мақтанбайың?! Одан бөлек, елімізде білікті маман даярлайтын радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты, Т.Бигелдинов атындағы әскери-авиациялық институты, Ш.Уәлиханов атындағы кадет корпусы сынды іргелі білім ордалары бар.

– Сөз соңында, қалың оқырманға мерекеліқ құттықтауыңызды жеткізсеңіз.

– Ең бастысы егемен еліміздің көк туы төмен түспей, айбынымыз асқақтай берсін. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жүрегі ел деп соғып, Тәуелсіздігіміздің тұғыры бекемделе түссін. Мықты әскерімен қуатты Қазақстан Республикасының іргесі бүгін, халқы бақытты болғай!

– Уақыт тауып, сұрақтарымызға тұщымды жауап бергеніңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Диана ОРАЗАЛИНА

COVID-19

Күнсүлү ЗАКАРЬЯ:

ТІРІ ВАКЦИНА ӨЗІРЛЕП ЖАТҚАН БІЗДЕН БАСҚА ЕЛ ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Маймыл түгілі адамды өткізбейтін жағдайда және отандық зертханада маймылға сынақ жүргізген тәжірибеміз болмағанда бұл зерттеудің қаншалықты күш-жігерді қажет еткенін білуге болады. Біз коронавирускқа қарсы вакцинамызды әзірлеу барысындағы зерттеуге керек маймылды Сочидегі медициналық приматология ғылыми зерттеу институтынан таптық. Алайда оны алдыруға көп күш жұмсалды. Ресей жануарларды шекарадан өткізуге заңмен тыйым салған. Оның үстіне аталған маймылдар өздерінің зерттеуіне керек екенін айтты. Сол кезде біздің Үкімет Ресейдің үкіметіне шығып, 7 маймылды бізге сатуын сұрап, Ресей Ауыл шаруашылығы министрлігі оған арнайы қаулы шығарып, шекарадан өткізді. Үкімет ел азаматтарының өмір қауіпсіздігі үшін осындай тәуекелге барды. Вакцина әзірлеу барысында біз мемлекеттің зор қолдауын сезініп отырмыз.



деген қауестің өтірік-расын анықтап беруді сұраған еді.

Жамбыл облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев мырзадан сұрасаңыздар, нақты айтты берді. Бізге белгілі ақпарат бойынша еріктінің бірі – 43 жастағы әйел. Ол бізге келіп жылап, 20 жыл бойы бала көтере алмай жүріп жүкті болғанын айтты, алғысын жаудырды (сұхбаттан соң Әсет Қалиевке хабарластық, ол бір емес, дәл сондай тағы екі әйелдің QazVac вакцинасының екі компонентін толық алғаннан кейін бала көтергенін растады – А.Ш.).

– Тамаша! – Бірақ бұл сізге тамаша. Өйткені біз ол әйелді клиникалық сынақтан өткізіуші еріктілердің қатарынан шығардық. Оның орнына басқа адамды қарастырып, алдық. Екі жұмыс болды. Екпені күтіп отырған қаншама адам бар ғой, зерттеуді баяулатты. Дегенмен вакцинаның қауіпсіздігін дәлелдеген факт та болды.

– QazVac-ты қауіпсіз вакциналардың қатарына жатқызыңыз. Өзіңіз де соған қатысты бір фактіні айтқыңыз. Бірақ осы вакцина несімен қауіпсіз?

– Вакцинаның қауіпсіздігі оның технологиясына тікелей байланысты. Инактивтелген вакцина толық бүтін вирустан тұрады. Бүтін вирус ақуыздардың толық жиынтығынан құралған. Ақуыздар спектрі неғұрлым толық болса, имундық жауап соғұрлым жоғары болады. QazVac инактивтелген вакцинасы технологиясының қауіпсіздігі 60 жылдан бері дәлелденген. Инактивтелген вакцина соңғы 60 жылдан бері туған барлық адам дүниеге келгеннен кейінгі үшінші күні алды. Өйткені балаларға арналған вакциналардың дерлігі осы технологиямен әзірленген. QazVac инактивтелген вакцинасында да вирус қана жана, ал қалғанының бәрі – (технология, жасалуы, сынақтан өткізілуі) қанша жылдық тарихы бар, уақытпен сыналған ескі жол.

– Коронавирус мутацияға неге жиі ұшырайды? Мұндайда вакцина қорғай ала ма?

– Коронавирус – ДНК емес, РНК вирусы. ДНК екі тармақтан тұрады. Оның біреуін бақылауға болады, екіншісі өзгергенде оны жылдам қалпына келтіреді. Ал коронавирус бір ғана тармақ, тізбектен құралған. Сондықтан оны ешкім бақылап, қайта қалпына келтіре алмайды. Сол себепті біз коронавирусқа тұмау сияқты егуді жүргізетін шығармыз. Демек, мұнда бір вакцинаға қатып қалудың қажеті жоқ, бір жылы отандық, келесі жылы басқа шетелдік екпені түрін таңдауға мүмкіндік бар. Мәселен, адамдар тұрмауға жыл сайын екпе алады, сол секілді сақтанған жан коронавирус вакцинасын жылына бір рет салдыра алады. Бірақ бұдан бұрын адам өзінің имундық мәртебесін анықтап алуы керек. Егер аталған вирусқа имунитеті жоғары болып тұрса, қажет емес. Имундық мәртебені имунды-ферментті сынама арқылы анықтауға болады.

– QazVac коронавирустың жаңа штамдарына қаншалықты қарсы тұра алады?

– Африкалық, америкалық, британдық деп жүргендердің бәрі де жаңа штамм емес. Көбі (белгілі бір жағдай тұрғысынан) ыңғайлы болғандықтан солай айтатын шығар. Шын мәнінде бұл – сол штамм. Рас, бір-екі бөлігі өзгеріске ұшыраған вирус. Алайда ғылымда мұны жаңа штамға жатқызабайды. Сондықтан қазір әзірленіп жатқан вакциналардың бәрі (QazVac та) коронавирустың өңін өзгерткен түрлеріне қарсы тұра алады.

– QazVac неліктен Sputnik-V вакцинасынан кеш шығарылды?

– Ресейде коронавирус жұқтырған науқастар 2020 жылдың қантар айында тіркелді. Ал Қазақстанда бұл жағдай наурыз айында орын алды. Бізге алғашқы патологиялық материал былтырғы наурыздың 23-інде ғана жеткізілді. Біз сол себепті 2,5 айға кешігіп келе жатырмыз. Дегенмен кешігіміз кейбіреулер ойлағандай ғалымдардың әлеуетіне байланысты болған жоқ. Біздің инактивтелген вакцинаны әзірлеуге вирустың өзі керек, ал оны шынайы жұқтырған науқастардан ғана ала аламыз.

– Жақсы, енді институт ғалымдарына келетінді. Жақында олардың жалақысы 350 мың теңгеге дейін өсірілетіні айтылды. Алайда күнін түнге жалаған, демалыс, мереке дегенді ұмытып еліміздің қауіпсіздігі жолында еңбек етіп жатқан ғалымдарға бұл аз емес пе?

– Осының өзіне ғалымдардың қалай қуанғанын көрсеніз. Сіз сенесіз бе, сондай ұлттың, халықтың қауіпсіздігі үшін қызмет қылып жүрген бірқатар жандар 85 мың теңге жалақыға жұмыс істеп жүріпті. Мен алғаш институтқа барған кезде осындай еңбекақы алып жүрген ғалымдардың көзін карауға ұялдым. 47-53 жыл жұмыс істеп келудің бірде-бір медаль тақпаған екі үлкен ғылыми қызметкер үшін Премьер-Министрге арнайы кіріп, еңбегінің еленуін сұрадым. Сол ғалымдарымыздан жоғары атақты алып, орденді кеудесіне таққан адамдардың елге қандай еңбек сіңіргенін айтатын ба?

– Айттыңыз...

– Анау жерде, мынау мекемеде жұмыс істегені үшін берілген. Бітті! Сол ғана. Ал екі ғалымның құс тұмауы, шошқа тұмауы, пандемиялық тұмау, түйе шешегіне қарсы қаншама вакцина әзірлеуге қатысқан. Екеуінің ел экономикасына әкелген табысы – миллиардтар. Институтта дәл сол екі ғалымдай қызметкер қаншама?! Біздің ғалымдар 2020 жылы түйелер обасының, құс тұмауының карантинін жапты. Және осы коронавирусқа қарсы вакцина дайындаумен айналысты. Бір ғана кішкентай институттың 56 ғалымы. Сол зерттеушілеріміздің әрбірі – әлемдік деңгейдегі кез келген әріптесімен нық тірестіріп жұмыс істей алатын зор әлеуетке ие. Қандай елге барса да оларды мұндай тәжірибесімен, кәсібилігімен көкке көтереді. Шетелде біздегіден 10 есе жоғары жалақы алады. Бірақ олар өз көзіңізбен көргендей, XXI ғасырда ішінде жетіхана жок бірқатар зертханада жұмыс істеп отыр. Соның бәрі не үшін? Өйткені олар мұнда өз Отанына қызмет етіп жүр. Бұл ғалымдарды алақанға салып құрметтеу керек қой.

– Ағаш отандық ғалымдардың вакцина әзірлеп жатқанын жазғанымызда, сауатты адамдардың ішінде жәй сенімсіздік танытпай, «ыдыс шығара алмай жүрін вакцина жасамақ» деп кекетіп, мысқылдағандар болды. Ал жақында Норвегия QazVac-тың ерекшелігін талқылап жатыр. Неге?

– Өйткені «Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Қазір, мысалы, Ундістан халқы вирустан қатты зардап шегіп жатыр. Олар секілді қаншама ел, халық вакцинаға зар болып отыр. Ал біз мойындағымыз келмейді, барды бағаламаймыз. QazVac шыққанда Әзербайжан жұрты далаға шығып, футболда жанкүйері гол соққандай қуанып, айғайлаған. Ал бізде ше? Ғалымдарды жерден алып, жерге салған сәттері болды. Бұл не? Қазақтың өнімі үшін қуана алмаймыз деген сөз емес пе?

– Себебі сенбейді ғой...


– Сенбейді, өйткені бойда құлдық мінез қалып қойған. «Өзімдікі – жаман, өзгенікі – жақсы» деген ұғым құлдық санада қалыптаспады. Мен солай түсінемін. Оңтүстік Кореяда тағылымдамадан өттім. Онда бірде-бір жапондық көлік жоқ. Бірақ Жапония Оңтүстік Кореяның іргесінде тұр. Өзіндік болмай, амалсыздан алсаң, әңгіме бөлек. Ал барды бағаламау, өзінкі бола тұра өзгенің артық көру – құлдық психологияның бір көрінісі.

Әңгімелескен Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

АЙҒАҚ

Абай көшесінің бойында абақтандыру жөнінде кейінгі екі жылдың ішінде газет бетінде бірнеше рет мәселе көтерілген еді. Алайда, қала билігі тарапынан бұған назар аударған бір жанашыр жанды көре алмадық. Соның салдарынан өткен жылғы ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы аясында да көшені көріктендіру жөнінде ештеңе істеле қоймады. Абай мен Сарыарқа көшелерінің қиылысындағы алаңқай абақтандырылып, ескерткіш орнату идеясы да бос сөз болып қалды. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, желолушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің қолға алуымен тұғырға емес, құбырға қонырған Абай мүсініне қатысты келеңсіз жағдай ел ұмыта қойған жоқ шығар. Көпшіліктің өткір сынына ұшыраған соң ақын мүсінін орнатушылар дереу оны алып тастауға мәжбүр болды. Абай ескерткіші енді жаңа жобаман Наурыз саябағында жабдықталатын «Руханият аллеясында» бой көтеретін болды.

Біздің бүгінгі айтқалы отырғанымыз бұл жөнінде емес. Сәтсіздікке ұшыраған мүсінді орнатарда Абай бейнеленген, тоттанбайтын бағалы металдан жасалған көше белгісін алып тастаған болатын. Көше көрсеткішінің осы тарихи белгісі, егер қалды болмаса бүгінде өз орнына қоюға әбден сұранып тұр.



КӨШЕ БЕЛГІСІ ҚАЙДА ЕКЕН?

Тарихи дейтініміз, көше көрсеткішінің бұл белгісі 1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдығы кезінде орнатылған сәулет өнерінің туындысына тарап, шағын болса да кәдімкі ескерткіш еді. Сол жылғы мерейтой аясында Абай көшесінің жаяу жүргіншілерге арналған жолдары жаңартылып, ел енесінен көтерген бірталай шаралар жүзеге асқан болатын. Содан бергі ширек ғасыр ішінде көлік жолының асфальттың жаңғыртудан басқа бұл көшеде тұрғындар көңілінен шығарлық ештеңе жасалмай келеді. Бұл – қаладағы ең ұзын және басты көшелердің бірі. Кең бойында бірнеше оқу орындары орналасқан. Ескі үйлер қатары да баршылық. Көшені көріктендіріп, абақтандыру шаралары жүргізілмеген соң тұрғын үйлердің де сырт бейнесі сұрқай тартуда. Ойқы-шойқы тротуарларын былай қойып, көше бойымен келе жатқан адам тыныстап отыратын орындықтар қою да ойластырылмай отыр. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бекіткен жоспары бойынша өткен жылы Абай көшесінің Сарыарқа көшесімен қиылысындағы 3500 шаршы метр алаңқай абақтандырылуға тиіс еді. Бұл жөніндегі «KAZAKH TECHNO» ЖШС арнайы жасаған жабада өнеркәсіп тәсілі, балалар ойнайтын жабдықтар мен орындықтар қойылатын алаңқай

адамдар тынығып отыратын гүлзар болады деп айтылған-тын. Өкінішке орай бұл іс те сөз күйінде қалауда. Жуырда «Жезқазған қаласы сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің басшысы Махмұд Смайыловпен болған әңгіме барысында осы жобаның не болғаны туралы сұрағанымызда, оның жоспарда бар екенін айтқан болатын. Ал, оның қашан жүзеге асары белгісіз. Сол жолы қаланың бас сәулетшісіне көшенің Абай бейнеленген мемориалдық белгісі бұрынғы орнына қайтадан қойылса қисынды болар еді деген құлаққағысымызға: «ол белгі бар, бір жерде жатыр» дегеннен артық ештеңе айтпады. Өйтеуір, қолды болмаса болыпты. Тұрғындар тарапынан «осы бұрынғы ескерткіш-белгісі тәуір еді, неге алып тастаған» деген сөзді де естідік. Иә, жұртшылық пікірін де ескерген жөн болар. Оның үстіне қазақтың ұлы ақыны Абай бейнеленген кәдімкі заттың із-түзсіз кетіп, аяқасты қалуы да елге сын боларлық жайт. Ақын суретін жаңартып салса, металдан жасалған мемориалдық белгі көше бойына өзіндік жарасым танытып тұрары анық. Олай болса, ескерткіш-белгіні орнына қояйық. Көше белгісімен көрікті болсын!

Амандық РАХУЛЫ

ЖОЛДАУЫ 2020

Қазіргі кезде, әлемде зияткерлік меншік құқығы мен оны қорғау шаралары жөнінде көптеген конвенциялар, халықаралық шарттар әрекет етеді. Қазақстан Республикасында зияткерлік меншік құқықтарын ҚР Конституциясы, ҚР Азаматтық Кодексі, Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңы, Патент заңы және тағы басқа нормативтік-құқықтық актілер қорғайды. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 14-бабы бойынша әрбір азаматтың өз өнертабысын, ғылыми, әдебиет және өнер туындыларын, зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелерін қорғауға заңды құқығы бар. Зияткерлік меншіктің объектілерін 3 бөлімге бөлуге болады: 1) сауда белгілері, географиялық сілтемелер; 2) авторлық құқықтар, өнеркәсіптік үлгілер; 3) патенттер, пайдалы модельдер, коммерциялық құпия.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Зияткерлік меншік бөлініміз – зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесі және оған теңестірілген заңды тұлғаларды, жеке және заңды тұлғалардың өнімдерін, олармен орындалатын жұмыстар мен қызметтерді (фирмалық атаулар, тауарлық белгі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) араландыру құралдары. Сонымен бірге, зияткерлік меншіктің басты сипаттамасы меншікті пайдаланудың жеке құқықтарын тек зияткерлік меншіктің иесі, яғни автор ғана иемалай алуында, сонымен қатар, оның рұқсатынсыз зияткерлік меншікті ешқандай бөгде адам пайдалана алмауында.

Сауда белгілері тұтынушыны тауар немесе қызмет көзі туралы ақпараттандыратын сөздерден, символдар немесе өзге де белгілерден тұра алады. Қандай сауда белгілерінің объектілерін қорғауы мүмкін? Сөздерді/әріптерді/сандарды, стильденген нұсқаларды, мәтінсіз логотиптерді, суреттерді, қаптаманы, формаларды, сыртқы безендірулер, түстер үйлесімін қорғауға болады. Белгілерді заңсыз пайдалану жағдайда, құқық иесі 3 элементті дәлелдеуге тиіс: 1) нақты атауына, белгіге, логотипке және т.б. сілтеме жасау; 2) жанылысу; 3) зиян.

Географиялық сілтемелер дегеніміз – нақты шыққан жері, сондай-ақ артықшылықтары осы орналасқан жермен себептесетін қасиеттері немесе беделіне әсер ететін тауарлар үшін пайдаланатын белгі. Мысалы, швейцария сағаты, швейцария ірімшігі. Географиялық сілтемелерді қорғау қалайша жүзеге асырылады? Жосықсыз бәсекелестік туралы заң, сауда белгілері туралы заң, географиялық сілтемені жергілікті және өңірлік тіркеу арқылы.

Авторлық құқықтардың объектілеріне кітаптар, журналдар, мақалалар, дерекқор, фотосуреттер, музыка, сәулет жұмыстары, мүсіндер жатады. Авторлық құқықтардың бұзылуына келесі актілер: өнімді немесе процесі дайындау, ұсыныстар немесе қызмет көрсету, сату немесе ұсыныс беру немесе жалға беру, импорт + экспорт және т.б. Өнеркәсіптік үлгілеріне тауардың сыртқы түрі, киім үлгілері, қаптама мен сауда белгілерінің логотиптері, графикалық символдары жатады. Сонымен бірге үшінші тұлғаның өнеркәсіптік үлгісі тіркелген өнеркәсіптік үлгісімен хабардар тұтынушыға балама немесе ұқсас жалпы әсер етсе, онда осындай акт өнеркәсіптік үлгілерінің құқықтарын бұзушылығы ретінде танылады. Патенттер өз иелеріне өнертабыстар құқықтарын айрықша қорғауды ұсынады. Өнертабыс иелеріне өз өнертабысын пайдалану үшін шектеулі мерзім (кейде 20 жылға дейін) беріледі және оны басқа тұлғалармен пайдалануға тыйым салынады. Мысал ретінде жана мұнай-химиялық процесін, табиғи газды тазалаудың жаңа процесін немесе мұнай өндіру зауытында пайдалануға арналған жаңа жабдықты келтіруге болады. Өнертабысқа қорғау беру үшін келесі қасиеттері болуы керек: 1) жаңалығы + тиісті саладан хабардар адам үшін айқын болмау керек;

2) өнертабыс деңгейі бар; 3) өнеркәсіпте пайдалану үшін жарамды болу; 4) жаңалықтар, ғылыми теориялар. Пайдалы модельдер дегеніміз – жаңа технологиялар жұмысының тиімділігін арттыратын шағын өнер табысы. Осындай модельдердің қоғамдық қажеттілігі технологиялардың дамуына қарай өзгереді. Коммерциялық құпияға әдістер, бағдарламалар, формулалар, процестер, тәсілдер, нарықтық стратегиялар, құрылғылар мен техникалық тәсілдер тәрізді ақпарат жатады. Құпия ақпаратты қорғау құралдарының бірі – пайдаланушы «жария етпеу туралы келісімге» қол қою. Сондықтан, мемлекеттің міндеті – барынша зияткерлік шығармашылықты көтермелеу, тиімді авторлық құқықты қорғау арқылы және қосаралас қалыптасу мен индустрия мәдениетін дамыту. Бағдат НАУМАҒАМБЕТОВ, Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының басшысы

ТУҒАН ЖЕР ТҰЛҒАЛАРЫ

Осыдан бірер жыл бұрын, нақтырақ айтқанда, 2018 жылы Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Абылайұлы Бидырысов «Келесі жылы Қаныш Имантайұлының туғанына 120 жыл толады. Соған орай ол кісі туралы естеліктер кітабын шығарсақ» деген ойымен бөлісіп, сол жұмысты маған міндеттеді. Мұны неге айтып отырмын? Өйткені, сол кітапты әзірлеу барысында Әлкен Жылқайдаров есімін алғаш рет жолықтырдым. «Қазақмыс» корпорациясының К.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік мұражайының қызметкері Жансұлу Ильясова есімді қарындасым жинастырған материалдардың арасында Әлкен Жылқайдаровтың да естелігі болды. Естелік жергілікті газеттердің бірінде жарияланған екен, сірә, кезінде көзімізге шалынбай қалса керек. Естелік авторы туралы берілген шағын анықтамада оның қай өңірдің тумасы екені айтылмапты. Ғаламторды ақтарып көргенде де анау айтқандай дерек кездестіре алмадық. Суреті де шықпады.



ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛАНЫ, ҚАРАТАУДЫҢ ҚЫРАНЫ

Әлкен ЖЫЛҚАЙДАРОВ туралы қанишалықты білеміз?

Естеліктер жинағы 2019 жылы «Жүректерде жанған жұлдыз» деген атаумен кітап болып жарық көрді. Бергінде сол кітапты қайта парақтап отырғанда Әлкен Жылқайдаровтың өмірбаянындағы «Соғыс ардагері. Майдандағы ерліктері үшін Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатына 14 мәрте ие болған» деген сөздер назар аудармасыма қоймады. «Соғыста Басқолбасшыдан осыншама мәрте Алғыс хат алған адам бір-екі орден, медаль да иеленген болар» деген оймен «Память народа» сайтына кіріп, Ә.Жылқайдаров туралы қарастыра бастадым. Міне, гажап! Әлкен Жылқайдаров бірнеше орден - медальмен де марапатталыпты. Ең бастысы ол өзіміздің Аралтебенің азаматы болып шықты. Оның Қаратау өңірінде партком хатшысы, совхоз директоры, мектеп директоры, Талас ауданы оқу бөлімінің бастығы болғаны кітапта жарияланған естелігінде жазылған еді. Сол жақтың адамы деп те ойлап жүретінім. Енді, мына деректі көрген соң, Талас аудандық газетінің бас редакторы Дүйсен Молдақұловқа телефон шалып, Әлкен Жылқайдаров туралы не білетінін сұрадым. «Ой, ол кісінің есімі біздің жақта зор құрметпен аталады. Екінші бірі біледі. Ірі-ірі қызметтерде болған адам. Халық өзін өте жақсы көрген» деген оның сөзі келуде мақтанш сезімін тудырды. Енді ше? Ұлытаудың ұланы Қаратаудың қыранына айналды, қалы қазғының құрметіне бөленген тұлға болғанын есту сондай ганибет емес пе? Содан соң Дүйсен Өлекеңнің Қаныш Имантайұлы естелігін шағын түсіндірмемен өз газетіне жолдауды өтінді. «Осындағы ел білсін, ұрпақтары оқысын» деді. Достың, әріптестің тілегін екі сөзге келмей орындадық. Сөйтіп, Әлкен Жылқайдаровтың К.И.Сәтбаев туралы естелігі «Талас тынысы» газетінде «Тұла бойы тұнған тәлім» деген тақырыппен, 2020 жылғы 24 қарашада жарық көрді. Арада бір-екі күн өткенде маған Әлкен ағамыздың Тараз қаласында тұратын қызы Светлана тәтеміз хабарласты. Сөйлесе келе, кезінде Солтүстік Жезқазған кенішінің директоры болған Ерлан Өлекеңнің өзіміз сөз етіп отырған Ә.Жылқайдаровтың немересі екені белгілі болды. Бұл азаматты, Ерланды айтамын, әлі күнге шейін көрген де, кездестірген де емеспін. Бірақ, атына сырттай жақсы қанықпын. Ол туралы кеніштер «Тамаша жігіт. Директор сұрай болу керек. Әрқашан хал-жағдайымызды сұрап тұрады, жәрдем, көмегін аямайды, кездесе қалса, қол беріп амандасады» деген секілді сан түрлі мақтау, мадақ сөз ғана айтамын. Оның Қаратау халқы төбесіне көтеріген Әлкен Жылқайдаровтың немересі екенін білген соң «Егінде бар тартпай қоймайды» дейтін халық даналығы еріксіз еске түсті. Ерлан туралы елдің жылы лебізінен оның атасы Әлкен Жылқайдаровты көріп, біліп отырғанды күйге түстім.

Жазылған жазбаларға, өмірбаян жолдарына қарағанда Әлкен Жақыпбекұлы Жылқайдаров әке - шешеден жастай жетім қалған. Әкесі «Жетіқойыр» колхозының қарапайым шаруасы көрінді. 1919 жылы анасы өмірден озған соң, шамасы бағып-қағу әкесіне қиындық тудырған болу керек, кетіп бара жатқан керуенмен оны Түркістандағы Балалар үйіне жібереді. Әкесін 30-жылдардағы ашаршылық араны жалмаған. 1924 жылғы ақпанда Әлкен Ташкенттегі Балалар үйіне ауыстырылады. Қатал заман оны Балалар үйінде өсіп, жетілуге мәжбүр етті. «Әр жаманшылықтың да бір жақсылығы болады» деген рас екен, қатал ортада алысканмен алысып, жұдысканмен жұдысып жүріп, жігерін жаныды, намысын шындады. Ол өмірдің енді ғана басталғанын, бүкіл тұмырдың Балалар үйінде өтпейтінін бала болса да, ерте түсінді. Өмірден өзіне лайық орын табуға ұмтылды. Жеңіске жетудің, қиялдағы арманды қолға түсірудің жолы «Білім» деп білді. Сондықтан да, білімге бас ұрды.

Балалар үйінен соң Ташкенттегі Су шаруашылығы техникумына оқуға түсті. Осында жүріп қазактың маргаскаларының біразын көзі көрді. Ал, Сәкен Сейфуллинмен тіпті, көзбе көз отырып сөйлескені де бар. Әлдебір сөздің құрдастар арасында түсінбестік тудырғанына байланысты соның төрелігін сұрау үшін олар Сәкенге барған еді. Сонда ел алдында жүрген ағалары буларды баласынбай қабылдап, әлгі сөздің мәнін түсіндіріп, ақыл - кеңесін айтып, шығарып салып еді -ау. Кейінірек Сәкен Сейфуллинмен Қарсақбайға келгенде тағы да кездесіп қалды. Сонда жадының мықтылығы сондай Сәкен ағасы мұны бірден таныды. Танығаны сондай «Бү жігіт Ташкентке жүргенде аздап етженділеу еді, мұнда келесін біраз ысылып қалыпты» деп күлген де болатын. Осындай керемет кездесулер туралы Әлкен ағаның жоғарыда айтылған естелігінде әдемі жазылған.

Өз қолымен жазған өмірбаянына қарағанда Әлкен Ташкенттегі техникумды денсаулық жағдайына байланысты аяқтай алмаған. Сөйтіп, туған өлкеге қайта оралған оны Бөріойнақ ауылындағы мектепке әрі мұғалім, әрі меңгеруші етіп, жұмысқа қабылдаған. Қазіргідей емес маманның қат кезі ғой,

әйтпесе, су шаруашылығы маманына оқып жүрген баланы мектепке мұғалім етіп қабылдай ма? Дегенмен, Әлкен мектепте өзін жақсы қырынан танытса керек, 1930 жылғы мамырда оны Қарсақбай аудандық оқу бөліміне нұсқаушы етіп, ал, арада шамалы уақыт өткен соң, нақтырақ айтқанда, 1931 жылдың тамызында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындайды. Ол кісі Сәкен Сейфуллинмен Қарсақбайда осы жылдары кездескен сынайы. Ә.Жылқайдаров бұл қызметті 1932 жылдың қыркүйегіне атқарады. Өйткені, оны Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитеті өзіне жұмысқа шақыртып алады. (Осы арада «Неге Оңтүстік Қазақстан облысы?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Өйткені, сол тұста қазіргі Жезқазған – Ұлытау аймағы сол облыстың қарамағында болған -автор).

Бір қызығы, Қарсақбайдан Шымкентке комсомол ұйымының шақыртуымен барса да, оны мүлдем басқа салаға қызметке жібереді. Ол Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан селекцилық орталығы директорының өкімшілік-шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалады. Былай қарасаң, кеше білім саласында жүрген азаматты енді мүлдем басқа жаққа жіберу ешқандай ақылға сия да қоймайды. Бұл жерде тек бір ғана мақсат – оның ұйымдастырушылық қабылетін байқап көру мақсаты ғана болған секілді. Шынында да, сол кезден бастап Әлкен ағаның ұйымдастырушылық қабылеті шыңдала түскен тәрізді.

Бұған оның 1933 жылғы маусымда Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ұйғарымымен облыстық білім басқармасының балалар үйлері жөніндегі инспекторы болып тағайындалуы дәлел. Балалар үйінің кешегі түлегінің сол саланың жұмысын реттеуге жіберілуі оған деген зор сенім әрі үлкен сынақ еді. Ол сол сынақтан сүрінбей өткені анық. Өйткені, содан кейін қашан соғысқа аттанғанша Ә.Жылқайдаров облыстың Арыс, Қорғалы, Андреев, Талдықорған аудандарында мектеп директоры, аудандық оқу бөлімінің басшысы қызметтерін атқарады.

Осы орайда оқырмандар көңіліңе «Су шаруашылығы техникумын да аяқтамаған бұ кісі қалайша жоғары қызметтер атқарған?» дейтін орынды сұрақ туындауы мүмкін. Ағамыздың өзі тоқтырған өмірбаянында «облыстық білім басқармасының балалар үйлері жөніндегі инспекторы болып тағайындалғаннан кейін әскерге кеткенше тек өз мамандығым бойынша жұмыс істедім» деген жолдар бар. Сол сияқты, «Жамбыл облысы педагогтарының антологиясы» деген кітаптың Ә.Жылқайдаровқа арналған бөлігінде оны «Ташкент педагогикалық институтын үздік бітірген» деп сипаттайды. Қойылған сұрақтың жауабы осындай.

1942 жылдың сәуірінде ол соғысқа аттанады. Содан елге 1946 жылғы тамызда оралады. Майданда жүріп 1943 жылы партия қатарына қабылданады. Тағы бір кереметі, ол соғысқа қатардағы жауынгер болып аттанғанмен, елге аға лейтенант шенінде оралған. Мұндай болуы мүмкін бе? Соғысқа аттанғанда Талдықорған аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүрген оның жоғары білімді азамат екендігі ескеріліп, арнайы әскери курстан өткен болу керек.

Жорық жолдарына үңілгенде оның 93 - дивизия құрамында Сталинград шайқасына қатысқаны, Украина, Белоруссия, Польша, Румыния елдерін азат етуге қатысқаны көрініп тұр. Жеңісті ол Прага қаласында қарсы алғанға ұқсайды. Басқолбасшының атынан 14 мәрте Алғыс хатпен марапатталғаны 1946 жылғы 22 маусымда 10 - механикаландырылған полк командирі, полковник Коваленконың қолы қойылған анықтамада көрсетілген. Соғыстан соң Әлкен Жақыпбекұлы осы полкте қызмет еткен болуы керек. Коваленко қол қойған құжат сол кездегі жеке карточкасына қатысты толтырылған тәрізді. Бұл Алғыс хаттардан бөлек Өлекең «Ерлігі үшін» медалімен, II дәрежелі және I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен де марапатталған. Кейде ұсынылған марапат жоғары жақтан мүлдем берілмей қалатын әйтпесе, дәрежесі төмендеу марапатпен алмастырылатын «ауру» соғыс кезінде аз болмағаны бұрыннан -ақ белгілі. Өлекеңнің бір марапаттамасы да осындай «аурудың» кесірінен алғашқы ұсыныстағыдай емес, кейін өзгеріп кетті. 1944 жылғы 10 қыркүйекте 278-гвардиялық атқыштар полкінің командирі, майор Жиженков пен командирдің орынбасары, капитан Павлий қол қойған Марапаттау қағазында оның Қызыл Жұлдыз орденіне ұсынылғаны көрсетілген. Бірақ, бұл Ұсыныс армияның Саяси бөліміне жеткен кезде, қолдау таппай «II дәрежелі «Отан соғысы» орденіне лайық» деп өзгертіледі. Сөйтіп, 1944 жылғы 5 қазанда Ә.Жылқайдаров осы орденмен марапатталды. 1945 жылғы 24 мамырда I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапаттау туралы Бұйрық шығады. Бұдан кейін марапатталған «Праганы азат еткені үшін», «1941-1945



жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдары да Ә.Жылқайдаровтың майдандағы ерліктерінің жәдігері іспетті кеудесінде жарқырап жүрді.

Соғыстан соң ол бір жылдан аса Прага қаласында әскери қызметте болды. Елге 1946-ның тамызында оралатындығы да содан. Атың өшкір соғыс қаншама шаңырақты ортасына түсірді. Қаншама жас қыршың кетті. Өлекеңнің өзі соғыстан оралғанына қуанышты болған да шығар, бірақ, сол соғыстан оралмаған үш бірдей бауыры есіне түскенде жүргі езіліп кетердей күй кешкеніне күмән бар ма? Тағы бір бауырының мүгедек болса да елге оралғанын шүкір көріп, дотке - қуат санаған да болар?

Бейбіт өмірдегі еңбек жолы сол кездегі Одақтық деңгейде назарда ұсталған Қаратау өндірісіне қарасты Шолақтау кенішінің партия ұйымының хатшылығынан басталды. Әскерден босатылған офицерге партияның жолдамасы осылай болды. Жеті жыл сол ұйымға басшылық жасаған ол бұдан соң аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасының орынбасары, совхоз директоры, 1953-1955 жылдары Талас ауданындағы қазіргі Д.Қонаев, бұрынғы И.Сталин атындағы мектептің, ал, 1962-1964 жылдары қазіргі Бөлтгірлік шешен ауылындағы мектептің директоры болды. Бөлтгірлік шешен атындағы мектептің Шоқан Уәлихановтың есімін иелуіне Әлкен Жылқайдаровтың тікелей қатысы бар. Ол кейінірек Жамбыл мәдени-ағарту училищесінің тұңғыш директоры болып тағайындалды. Бұдан соң Шу, Жамбыл аудандарының оқу бөлімдеріне басшылық етті. Жамбыл облыстық мәдениет басқармасының бастығы болып аймақтың мәдени өміріне де үлкен үлесін қоса білді. Жамбыл аудандық көмекші мектеп -интернаттың директоры қызметін жүретін еңбек демалысына шыққанша абыроймен атқарды.

Өлекең Құдай қосқан қосағы, өзінің аяулы жары Ақылтаймен бірге сегіз бала тәрбиелеп, өсірді. Бала болғанда қандай? Бәрі шетінен жуық білімді. Үлкендері Марат агроном болуды қаласа, одан кейінгі Шамиля – педагогтық жолды қалады. Талас ауданында отыз жылдан артық мектеп директоры болған ол қазір Алматы қаласында тұрады. Жомарт, Абай, Абылай, Қайраттардың таңдағаны инженер мамандығы болды. Қазір Жезқазғанда тұратын Бүркіт көптеген жылдар бойы «Қазақмыс» корпорациясында металлург болып еңбек етті. Ал, Светлана дәрігер болуды ұнатты, сол мамандықты игеріп, халқына жәрдемін тигізді.

Жапырақ жайған бәйтерек сынды Әлкен – Ақылтай Жылқайдаровтардан өрбиген немере, шөберелердің жалпы саны 60-қа жуықтап қалды. Олардың кейбірі қазір ата-баба мекенінде еңбек етеді. Мысалы, Гүлсарна немересі Жезқазған қаласындағы мүмкіндігі сектеулі балалар орталығының басшысы болса, Сәкен – шахталардың бірінде бас энергетик. Олжас та Жезқазғанда тұрады, өз бизнесі бар. Рашид Жезқазғанда құрылыс компаниясына басшылық етсе, Қарағандыда тұратын Марс та нақ сондай компанияны басқарады. Біз Өлекеңнен тараған барлық немере, шөберелер туралы емес, олардың тек біздің аймақта, өңірде тұратындары туралы ғана сөз етіп отырмыз. Атаның ұлағатты жолын одан әрі қарай жалғай түскен ұрпақтарынан айналып кетсең болмай ма?

Ұлт ұясы Ұлытау өңірінде кіндігі кесілген күллі өмірі қасиетті Қаратау етегінде өткен абыройлы өмір иесі Әлкен Жақыпбекұлы Жылқайдаровтың тұлғасын там-тұмлап таныстырған болдық. Сөз соңында ұлы Абайдан қалған ұлағатқа жүгінгіміз келеді. Ол кісі қалай деп еді?! «Сүйер ұлын болса сен сүй, Сүйіңгерге жарар о» демеу пе еді? Ендеше, жүрген жерінде жұртына жақсылық жасаумен, туған жерінің қадірін арттыра білген Әлкен Жылқайдаровтың өміржолы бүгінгілерге де, кейінгілерге де – өнеге жолы болып қала берді. Ұлытау ұланымен, Қаратау қыранымен мақтануға әбден лайықты.


ЖАУЫНГЕРЛЕР ЖОҒАЛМАЙДЫ!

Кешегі қаңқұйлы соғыс туралы айтқанда, «із-түссіз жоғалған», «хабар - ошарсыз кеткен» дейтін сөздер де міндетті түрде айтылады. Өйткені, біреу соғыстан оралмаған, қайда қаза тапқаны әлі күнге белгісіз әкесін, енді біреу атасын, біреулер бауырын іздейді. Кебін қиғенін көрмесің «Кебенек қиғен ердің бір хабары неғып шықпайды?» дейтін олардың көңіліндегі алаңы түсінуге де болады.

Дегенмен, кейінгі жылдары ресейлік сайттар арқылы көптеген жауынгерлердің тағдыры, олардың қаза тапқан, жерленген жерлері анықталуда. Қашаннан әруақ сыйлаған, өткенін қадірлеген халықтың бүгінгі ұрпақтары сол шейіттер жатқан жерге туған жердің бір ұсы топырағын апарып, дұға оқып, құрмет көрсетіп жатыр. Бұл өте орынды, мадақтауға лайықты қарекеттер. Олардың қатарында өзіміздің Жезқазған-Ұлытау аймағының да көптеген азаматтары болды.

Жақында аймақ халқын елге еткізген тағы бір жақсы жаңалық жетті. Ресейдің «Ржев. Калининский фронт» деп аталатын іздеушілер экспедициясының «Пионер» деп аталатын тобы Ржев қаласының маңындағы орман ішінен бірнеше жауынгерлер жерленген жерді анықтады. Сол жауынгерлердің арасынан бесеуінің аты - жөндері анықталды. Бесеудің үшеуі қазақ болып шықты. Біреуі – Қорғалжыннан, енді бірі Семей жағынан, ал, үшіншісі өзіміздің – Жезқазғаннан! Бұл хабарды естіген бойда әрине, Жағыпар Оразбаев туралы білгіміз келді. Дереве компьютерді қосып, ресейлік «ОБД Мемориал», «Подвиг народа» сайттарын ақтара бастадық. Сондағы білгенімізді енді өздеріңізбен бөлісейік.

Жағыпар Оразбаев 1914 жылы, кейін «Қызыл әскер» колхозы болған, шамамен қазіргі Талап ауылының маңайында туған екен. Әскерге соғыстан бұрын, 1939 жылдың күзінде, қазан айында алыныпты. Ол бұл кезде Жезқазған геологиялық - барлау партиясында слесарь болып еңбек етіп жүрген екен. 1941-дің желтоқсанында қазақ-ошарсыз кеткен. Қысқаша айтқанда осындай.



Сонда бұл кісіні осы уақытқа шейін ешкім іздестірмеген бе? Неге іздестірмесін, әрине, іздестірген. 1956 жылы анасы Жансұлу Оразбаева Жезқазған аудандық әскери комиссариаты арқылы ұлына іздеу салған. Осы жерде, Жағыпардың соңында анасынан өзге, бірге туған бауырларының да, әкесінің де болмағанын айта кетейік. Ең өкініштісі, оны әскерге шақырған құжаттың өзі әскери комиссариаттан табылған. Бұл Жезқазған аудандық әскери комиссарының Мәскеудегі «Отдел по учету потерь сержантов и солдат» деп аталатын бөлімге 1956 жылғы 21 қыркүйекте жолдаған хатынан анық байқалады. Ж.Оразбаев жөнінде ешқандай да жағымсыз фактілердің табылмағанын айта келіп, әскери комиссар «Куәгерлердің көрсетуімен анасына ұлының әскерге шақырылғаны туралы анықтама бердім» дейді. Анықтама арқылы Жағыпардың анасына баласын соғыста жоғалтқан ана ретінде жәрдемақы тағайындалған болу керек. Жауынгердің анасы Жансұлу Оразбаева бұл кезде Жезқазған (Рудник) поселкесіндегі Красноармейцы көшесінде тұрған екен.

Ж.Оразбаевтың есімі жазылған қапсула табылған соң, оның осындағы туған-туысқандарына іздеу салынды. Іздеу көпке созылмады. Жағыпармен немерелес болып келетін Мұхаммедия Оразбаев Сәтбаев қаласында тұрады екен. Онымен хабарласу барысында Жағыпардың анасы Жансұлу жөнінде сұрадық. «Ол кісі дүниеден озған, зираты Сәтбаевтағы қорымда» деді. Алыстан жеткен жаңалыққа қуанышты екенін жеткізген ол қазірдің өзінде тиісті ұйымдармен хабарласып та үлгеріпті. «Сол жерден табылған сүйектер есімдері жазылып, салтанатты жағдайда «Бауырластар зиратына» қойылады екен. Пандемияның кесірінен сол рәсімге қатысу мүмкін болмайтын сынайы. Ең бастысы, өшкен жанды, өлген тірілді. Осы жақтан топырақ апарып салып, дұға бағыштап қайтамыз ғой. Бірақ, нақты қай күні есі түсерін бір Алла Тағала біледі» деді ол.

Ия, ең бастысы өлген тірілді, өшкен жанды. Бұл орайда ресейлік іздеушілерге зор алғыс айта кеткен орынды. Олар бұл жұмысты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Солардың арқасында қаншама жауынгерлер туған - туыстарымен қайта табысты. Жағыпар Оразбаев та – солардың бірі. Бұл жағдай Отан үшін от кешкен, кеудесін оққа төсеген жауынгерлердің ешқашан жоғалып кетпейтінін айғақтайды.

Соғыста жақандарын жоғалтқандар болса үміттерін үзбесін, өйткені, жауынгерлер ешқашан жоғалмайды!

Беттің материалдарын дайындаған Абдолла ДАСТАНОВ

«Мен Жезқазғанның тумасы әрі патриоты ретінде тыным таппайтын жанмын. Туған өлкемді, оның қасиетті металдарға толы рудалы алыптарын, сол байлықтарды Отан игілігіне айналдырып жатқан қаһарман адамдардың өмір тынысын, ерлік еңбегін әңгіме етпей, жұртшылыққа паш етпей отыра алмаймын».

Сүтемген Бүкіров.

ЕҢБЕГІ ЕЛ ЕСІНДЕ



Мақаламды Сүтемген Бүкіровтің өз сөзімен бастағанды жөн көрдім. Жезқазған қаласының тарихында атын мәңгілікке қалдырған өлкетанушы Сүтемген ағаның осы бір сөзі ұрпақ сабақтастығын жалғанды... Кезінде ол кісі Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан сынды тұлғалармен кездесіп, хат алмасып тұрды және олар туралы тың мақалаларды қалдырса, бүгінгі ұрпақ Сүтемген Бүкіровтің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында ол кісінің өмір-дерегін зерттеп, іс-шаралар ұйымдастырып ұлықтауда.

Сүтемген Такабайұлы Бүкіров 1921 жылдың 8 мамыры күні Бекболат елінің қонысы Наушабайда дүниеге келіпті. Жасынан оқуға зерек, тарихи-шежіреге құмар болыпты. Сол кездегі пионер, комсомол ұйымдарының белсенді жетекшісі болған. Алғашқы еңбек жолын мектепте аға пионер жетекшісі болып бастаған Сүтемген Такабайұлы аудандық «Қызыл кенші» газетінде тілші болып қызмет етеді. Кейін «Каземьстрой» құрылысы тресінде қызмет атқарған. Партия ұйымы қатшысының орынбасары қызметін атқарыпты. 1969 жылы Сүтемген аға Қ.И.Сәтбаев атындағы Ленин орденді Жезқазған кен-металлургия комбинатының тарихи-өндірістік мұражайын ұйымдастырып, құру жөнінде мәселе қозғайды. Бұл ұсыныс сол кездегі кенші, металлургия, инженерлер сынды жұмысшылар қауымына ұнап, қолдау білдіріледі. Жаңадан ашылатын музейдің директорылығына Сүтемген Такабайұлы тағайындалып, аталмыш мекемені 23 жыл басқарды.

Сүтемген Такабайұлы – өңірмізде музей ісінің негізін салушы. Сүтемген Такабайұлы Жезқазған жеріндегі тарихи-мәдени ескерткіштерді есепке алып, оны сақтап қорғау жөнінде бағыт-бағдар көрсетіп, табысты еңбек етті. Музейі кезінде 10 мың жәдігер жиналуына тікелей үлес қосқан екен. Өлке тарихын зерттеушілер үшін бай мұра қалдырған асыл жан «Музей ата» атанды. Сүтемген Такабайұлы ұрпаққа өткенге құрметпен қарауды, тарихымызды зерттеп, туған жерге деген перзенттік сүйіспеншілікті оятуда артына тағылымды із қалдырды. Сүтемген Такабайұлының өлке тарихына қызығушылығы Қаныш Сәтбаевпен кездесуден басталған десем жаңылыспаймын. Жастайынан тарихқа зерек жігітке осы кездесу ерекше әсер етіп, өміріне бағыт берген сияқты.

Сүтемген Бүкіров Жезқазған мыс кенішін игеру шежіресін терең зерттеп, қағазға түсірді. Өңірдің кен саласында маңдай терін төгіп, сүбелі еңбек еткен Ы.Анарқұлов, Ө.Байқоңыров, О.Дүйсенбаев, З.Биболатов, П.Шаталок, Б.Аймаханов, Н.Валкунский, М.Раковский, В.Штифанов сынды азаматтардың шеберлік мектебін зерттеді.

Кенді өлкемізді әлемге танытқан атақты геолог Қ.Сәтбаев екені баршамаызға белгілі. Ал, ең алғаш Қаныш Имантайұлы туралы 1939 жылы мақала жазған С.Бүкіров болатын. Ғалымның туғанына 90 жыл толуына орай «Біздің Қаныш Имантайұлы» атты жезқазғандық жерлестердің естеліктер жинағын құрастырды. Өкінішке орай, бұл жинақ белгісіз себеппен жарық көрмей қалды. Жергілікті баспадан «Жезқазғандық тарихи-археологиялық ескерт-

кіштер», «Жезқазған мешіттері» атты кітапшалар шығарды. Жезқазғандағы туристік бағыттарын жасағанда кеңесшісі болды. Республикалық «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз», «Білім және еңбек», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» сынды басылымдарға тарихи және мәдени ескерткіштері туралы мақалалары жарық көрді.

Сүтемген Такабайұлы Жезқазған тарихын зерттеп ғана қоймай, онда өмір сүрген зиялы кісілерге де көп көңіл бөлген. Сүтемген Такабайұлының артында кейінгі ұрпаққа өлместей ескерткіш болып қалған «Боздақтар» кітабы. Ол кісі кітаптың жарық көруі үшін көп тер төгіп еңбек етті, соғыс болған жерлерге ат басын тіреді, нәтижесінде хабар-ошарсыз кеткен жауынгерлердің деректерін отбасына, ұрпақтарына табыстады бір сөзбен айтқанда: «Өлгенді тірілтіп, өшкенді жандырды». Сол кездегі Жезқазған облысынан майданға аттанған боздақтардың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында жазған еңбегі ауқымды әрі шоқтығы биік еңбек болды.

Сонымен қатар, Арқандық атақты ақындары Тайжан, Нияз, Омар, Болман, Иманжан, т.б. шығармалары басылымдарда жарық көріп, оқырмандарға паш етілуіне Сүтемген Такабайұлы бастамашыл болды.

Атақты жазушы Сәбит Мұқанов ел тарихының жанашыры Сүтемген Такабайұлының еңбегіне ерекше бағасын былай деп берді: «Жезқазған туралы роман жазатын болса, ол тек Бүкіровтің қолынан келеді. Ол шын тарлан емес пе?!».

Сүтемген Бүкіровтің 100 жылдық мерейтойы аясында Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Жас өлкетанушы» атты жастар мен жасөспірімдердің ғылыми жұмыстарының аймақтық сайысын ұйымдастырды. Жас өлкетанушылар арасында бұндай іс-шара біздің аймағымызда бірінші рет ұйымдастырылғанын айта кеткенді жөн санадым. Осы тұрғыда ол кісінің көзін көрсем де, еңбегімен, өмір жолымен танысып шықтым. Ол кісінің өмір тарихын өзімше зерделеп, тың деректер алдым. С. Бүкіровтің өткен өмірі, жүріп өткен жолы, өңіріміз үшін атқарған өлшеусіз еңбегі маған елім, жерім деген азаматтың шын бейнесін толыққанды елестетіп, көз алдыма әкелді. Қазіргі уақытта бір салаға осылай қомақты үлес қоса білген азамат болғын келсе ол кісіден алар, үйренер үлгі боларлық жарқын істері көп тұлға екен.

Еңбегі ескерусіз қалған жок. Ел Алғысына бөленді, «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталып, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы атағына ие болды. Жезқазған қаласында Сүтемген Бүкіров атындағы көше де бар. Өлкетанушы Сүтемген Бүкіров ерен еңбегімен өз атын өлке тарихына алтын әріппен жазып, артына өшпес із қалдырды. Бүгінде өлкетанушының 100 жылдық мерейтойын ұлықтап жатқан Жезқазған жұртшылығының жадында есімі ұмытылмас бейне, еңбегі өшпес тарих болып қала бермек...

Туған өлкемді, оның қасиетті металдарға толы рудалы алыптарын, сол байлықтарды Отан игілігіне айналдырып жатқан қаһарман адамдардың өмір тынысын, ерлік еңбегін әңгіме етпей, жұртшылыққа паш етпей отыра алмаймын деп өткен Сүтемген Бүкіров туралы мақала жазуды мен де өзімнің азаматтық борышыма санадым. Алдағы уақытта ол кісіні әлі де сан қырынан таныта білу келешек ұрпақтың еншісінде екені даусыз.

Ғалия ТҮГЕЛБАЕВА,
Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы

КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС

ЕЛІНЕ – ҚОРҒАН, ЖЕРІНЕ – ҚАМҚОР



Дәл осы күні елі мен жері үшін жанын паш еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертелелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыл ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белорусияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қаймықтастан жау тылына аттанып,

кеудесін оққа тосқан жерлестеріміз жетерлік. Олар отбасын, ата-анасын, жан жарын, бала-шағасын, бауырларын Тәңіріне табыстан, өздері Отан қорғауға аттанды. Солардың қатарында Әбдіжапар Тәшімов атамның да ел тыныштығына, бейбіт заман бақытына қосқан үлесі зор. 1906 жылы Ұлытау ауданының Бозтұмысқ ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ашаршылық жылдарымен қатар келген ол жастайынан тұрмыс тауқыметін көрді. Отбасын асырау жұмысы да мойнына түсті. Осылайша еңбекке тым ерте араласқан ол туған-туыс алдындағы міндетін де абыроймен атқарды. Ел енді есін жиып, тұрмыс тірлігі түзеле бастаған тұста Әбдіжапар атының және отбасының басына тағы да қиын күндер қамтып орнады. Ол тек бір отбасыға емес, дүім жұртқа келген кесел еді. 1941 жылдың маусымында шырғұт ұйқыда жатқан елге неміс әскерлері басып

9 мамыр бұл күннің Кеңес заманы үшін де, бүгінгі уақыт үшін де мән-мазмұны тым ерек, тарихы тым тереңде. Бұл мейрамды өздерінің мылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары айрықша тосады. Аталған күнді аяулы да даңқты әйелдері — өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділіктен күткен, олардың орын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар қауымы да қуанышпен һәм көңілдегі сазымын сызымен қарсы алады.

кірді. Елін қорғау – ер жігіттің міндеті. Сол тұстарда елдегі еркек кіндіктерінің барлығы кезек-кезегімен әскерге шақырылып, соғысқа аттана бастайды. 1942 жылы Әбдіжапар атаға да шақырту келді. Туған жерін, туған халқын қызғыштай қорып, ешкімге есемді жібермеймін деген ниетпен Әбдіжапар Тәшімов те майдан даласына аттанады.

Тәшімовтер отбасынан ағайынды үш жігіт соғысқа аттанды. Олардың үлкені Әбдіжәлел, ортаншысы Әбдіжапар және кішісі Әбдіғабар еді. Оның 1897 жылы туған ағасы, артиллерист жауынгер Әбдіжәлел 1944 жылы соғыста ерлік көрсетіп, жан тапсырады. Оның сүйегі Белорусьтегі Витебск облысы, Городской ауданының Вайхан елді-мекеніндегі № 7 қабірге қойылыпты. Қуанышқа орай Әбдіжапар ата мен інісі Әбдіғабарға туған жердің ауасын қайта жұту бақыты бұйыраған екен.

Майдан алаңында көрсеткен қайтпас қайсарлығы мен мұқалмас ерік-жігері нәтижесінде Әбдіжапар Тәшімов II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған. Одан бөлек «Жеңіске – 40 жыл», «Жеңіске – 50 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарын иеленген.

Соғыс біткеннен кейін бір жыл-

дан кейін ғана, яғни 1946 жылы туған жерге оралып, жақындарымен жүздескен Әбдіжапар Тәшімов отбасын құрып, бала-шағалы болады. Құдай қосқан қосағы Әділхан Жакыпбекова да – тыл ардагері. «Еңбек ардагері» атағын иеленген Әділхан анамен төрт баланы дүниеге әкеліп, тәрбиеледі. Жалғыз ұлы Нәбиен бес немере, он бес шақты шөбере сүйді. Қария 2002 жылы келместің кемесіне мініп кетті.

Өмірден көрген-білгені мол, тағылымы терең, ойы жүйрік қарияның балалары әрқайсысы бір-бір саланың маманы атанып, бүгінде кәсіптерінің нәсібін жеп отыр. Ұлы Нәби көп жылдар Қараөңгір, Аманкелді елді-мекендерінде мектеп директоры болып қызмет етті. Отан алдындағы борышын Орта Азия әскери округінде өтеген ол, Сағадат Нұрмағанбетов сынды халық қаһарманы алдынан дайындықтан өтті. Ұстаздық жолында алғашқы әскер пәнінен де сабақ беріп, балаларды әскери өмірге дайындай білді. «Әке көрген оқ жоңар» деген халық даналығын абыроймен атқарған ұлы Нәби мен ізінен ерген ұрпағы асқаралы әкесі, бағыр, ел қорғаны Әбдіжапар Тәшімовті мәңгі мақтан етеді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН

1418 күн мен түнге созылған Ұлы Отан соғысы бұрынғы кеңестік мемлекетті мекендеген әр отбасының шаңырағын шайқалтты, айтып болмас алапат ауырталық әкелді. Ұлдары соғысқа аттанған аналардың, ері майданға кеткен келіншектердің, әкесін соғысқа шығарып салған балалардың көңіліне түскен кірбің мен жүректегі жарасын біз түсіне алмаспыз, сірә. Сонда да сұм соғыстың сұрапыл жылдарында жат жерде ажал құшып, фашистік Германияға тізе бүктірген батырларымызды, «Бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен бел жазбастан ауыр жұмысқа жеткізгендерің ерен ерлігің білеміз, құрмет тұтамыз. Бас иеміз.

Зырлаған уақыт көшімен бірге соғыс ардагерлерінің қатары сиреп, түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей, көздерінен жас құрмамай жүріп, соғысқа аттанған азаматтарының тілеуін тілеп, жеңісті жақындатуға зор үлес қосқан тыл ардагерлерінің де сапына сызғат түсе бастады. Бүгін Жезқазған қаласында майдандағы жауынгерлердің жеңіске жетуіне атсалысқан 422 тыл ардагері бар. Бытыр олардың саны 517 еді... Тылда тынымсыз еңбек еткен жезқазғандық қарттардың бірі, тоқсанншы төріндегі – **Әлімбай Махамбетов**. Оның балалық шағы бейқам болды деуге келмес. Ашаршылық жылдардың азабынан айыға қоймаған Әлімбай Әбдідәулы Ұлы Отан соғысы басталғанда 13 жаста болатын. Жұмыс күші жетпейтін сол шақта бірде егіс басында болса, шөп шабу, кейде мал бағу жұмыстарына да араласып жүреді. Тіпті туған жері №18 разьезді басып өтетін шойын жолдың жөндеуіне жұмылдырылған кезі болған.

Өмірлік жары Аманжол анамызбен бірге 3 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірген еңбек ардагері туған ауылын түлетіп, ауылдастарына қолғабыс етуде аянып қалмағаны тағы бар. Бойына дарыған ұсталық қабілетінің арқасында көрші-қоланға аяқ-киім тігіп, ат әбзелдерін, тұрмысқа қажетті жиһаз жасаған. Еңбексіз күнін елестете де алмайтын тыл ардагері қат заманда қолдан үш дөңгелекті трактор жасап шығарғаны бүгінде ұрпаққа ертегідей көрінер. Қолда бар темір-теректен құралған тракторды бүгінде үлкен ұлы Қалдыбек ауылшаруашылығында пайдаланып жүр. Шөп шауып, оны арбаға тиейтін техниканың сызбасын берісі Ұлытау, арысы Қарқаралы ауданынан сұрап келгендер де бар. Қазір қолданылып жүрген «моторлық» күбін де ауылда алғаш ойлап шығарған – біздің кейіпкер.

Бес уақыт намазын қаза қылмай, ауыл молдасы атанған Әлімбай Махамбетовтің даңқты



сыыр мен екі-үш қой-тын. Осы сыырдан майдан даласына 5 келі май, жарты қап құрт жіберетінбіз. Қолғап, шұлық та жіберуге міндетті едік. Кешқұрым үйге сүріне жетіп, анама жүн түгісіп, ұршық иірүді де үйреніп алдық, – деген тыл ардагері 1956 жылы тұрмысқа шығып, дүниеге Ерлен, Берден, Дүзен, Болат есімді төрт ұл әкелді. Балаларының болашағы үшін Жезқазғанға қоныс аударған Басар Әжей еңбектен қашпады. Өр жылдары моншада, тоқыма фабрикасында жұмыс істеді. 1970 жылы өндіріс саласына ауысып байыту фабрикасында, мыс қорыту зауытында бел жазбастан еңбек етті. «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып елу жасында зейнетке шыққан соң Кеңгір селосындағы шаруашылықта сауыншы болды. Араға он жыл салып екінші мәрте «Еңбек ардагері» атанған қайсар ана ұлдарын ешкімнен кем қылмады. Кеудесіне «Еңбек озаты», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70, 75 жыл» медальдарын таққан Басар Бейсенбекова әлі тын. Кез-келген уақытта еліміздің түпкір-түпкірінде ғұмыр кешіп жатқан балаларын, немере-шөбересін аралап, жолға да шығып кететіні бар.

Бәйтеректей әулеттің берекесін арттырып, ұйытқысы бола білген қазыналы қария ұрпағын жақсылыққа жақындатып, жамандықтан алыстатып отырады. Өзінің өмірінен сыр шертіп, қолында барын бағалауға баулиды. Жетістікке жетудің жолы еңбекте екенін ұғындырады. Содан болар, ұлдары – еңбеккер, немерелері – білімпаз.

Тағдырдың қиын да, күрделі соқпақтарынан сүрінбей өтіп, тынымсыз тірлік пен адал еңбегімен танылған Басар Бейсенбекованың бүгінгі және келер ұрпақ соғыс деген сөзді білмей өссе деген жалғыз тілегі бар. «Балалардың бәрі бірдей балалықтың бал дәмін татсын» дегенді дұғасына қосады.

Бұрынғының адамдары, міне, осындай. Қарапайым да қайратты. Басына түскен қиыншылыққа моймайтын қайсар. Ұлы Жеңіс бізге осындай қайраттай қайсар жандардың арқасында келді. Бұл кісілердің мылтықсыз майдандағы ерлігі – бізге өнеге.

Диана ОРАЗАЛПНА



– Үнемі ашқұрсақ жүреміз. Ұйқымызда қанбайтын. Бала болып ойнамадық та. Шілденің шіліңгір ыстығы мен қаңтардың қаһарлы аязына қарамастан өзімізге жұктелген міндетті атқаруға тырысатынбыз. Өйтпеске болмайтын да. Өйткені, тыл – майданның тірегі еді. Оны бізге үйдің үлкендер мен еңбек даласындағы бригадирлер құлағамызға құятын. Ата-анамыздан ауыр сөз естіп көрмеген бізге әу баста қиын болды. Ауыр сөз түгілі қамшының астында қалған күндер де аз болмады, – деп өткен күніне, оның ішінде 1941-1945 жылдарға оралғысы жоқ Әлімбай атының жүректегі жаралары әлі жазыла қоймағанға ұқсайды.

Жұмыс талғамай, жалқаулықты білмей ержеткен Әлімбай Әбдідәулы соғыс аяқталғанын ауылда қалып, теміржол бойына жұмысқа кірді. Еңбегінің зейнетін көрер шаққа жеткенге дейін Түйемойнақ стансасында қарапайым жұмысшыдан бригадир, мастер, станса кезекшісі сынды лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды.

еңбек жолы ұрпағынан өрбіген 28 немере мен 26 шөбереге үлгі-өнеге. Алтын құрсақты ана мен еңбеккер әкенің тәрбиесін көріп өскен балалары Қалдыбек, Әжібек, Орынбасар, Орынқұл, Базарқұл, Қазбек, Жұлдыз, Алмағұл мен Данағұл оқып-тоқып, әр салада еліміздің дамуына үлес қосуда.

Ер-азаматтар майданға кетіп, ауылда қариялар мен бала-шаға ғана қалған уақытта ауыр жүктің бәрі де әйелдердің нәзік иығына түсті. Олар ерлерге тән мінезбен ауырталықтың бәрін көтере білді. Сондай жанның бірі – бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан **Басар Бейсенбекова**.

– 1935 жылдың мамырында қарашаңырақ Қарсақбайда тудым. Өкем Бейсенбек пен анам Жұмаштан үшеу тудық. Соғыс басталғанда ағам Көмен зауытқа, мен колхоздың жұмысына тартылдым. Жаздықүні егін шаруашылығына, жем-шөп қорын әзірлеуге, қой мен қозы бағуға аралассақ, қыста мал жайлау, су тасу сынды шаруаларды дөңгелетеміз. Үйімізде бары бір

Ислам дини
құрметіне



Тілі таза әрі шұрайлы, анық және түсінікті болған. Бұны бір хадисінде «Арабтардың ішіндегі ең таза, шешен сөйлейтін менмін» деп білдірген, «Өйткені, Алла тағала маған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түінін айта білетін ерекше қасиет дарытқан» деп түсіндіретін. Әрқес мұсылман адамның тілге өте абай болу керектігін сездіріп: «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге зияны тимейтін адам», – дейтін. Бос сөзбен уақыт өткізуді ұнатпай: «Мұсылман адамның Исламнан алған ең ізгі қасиеттерінің бірі – бос сөзден арылуы», «Кімде кім Аллаға, сондай-ақ ақырет күнінің растығына сендім десе, сөйлегенде мәнді нәрсе айтсын, әйтпесе үндемесін» дейтін. Өзі сөйлеуге қажеттілік тумаса, үндегенді жөн көретін: «Үндемеуде үлкен даналық бар, өткен оның байыбына баратындар өте аз» деп қыжылатын. Алла елшісінің даусы зор, бірақ жағымды болған. Аузынан ешқашан жаман сөз шықпаған. Жайма-

ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАН РАХАТЫН СЫЙЛАЙДЫ

Тіл – үлкен нығмет. Жақсылығы да, жамандығы да үлкен. Жәннатқа да, жаһаннамға да апарары. Көлемі кіші, зардабы үлкен. Адамның иманды немесе имансыз болуы ауыздан шығатын сөздеріне байланысты. Ауыздан шыққан сөз я шындық, я өтірік. Басқа мүшелердің өрісі, ауқымдылығы шектеулі. Құлақ тек естиді, көз тек қана көреді. Ал тілдің өрісі кең. Жақсылық немесе жамандық айту үшін өте кең мүмкіндіктерге ие. Жас кезінен дұрыс, әсем сөйлеуге дағдылану адам бойындағы ізгі қасиеттердің бірі. Мұсылман әуретшілігі бұған үлкен жауапкершілікпен қараған. Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (саллаллаһу алайһи уә салләм) өміріне көз салсақ, сөз сөйлеуге аса бір байыппен қарағанын көреміз. Айша анамыздың (р.а.) айтуынша, Пайғамбарымыз (с.г.с.) сөз сөйлегенде асықпай-апықпай баппен сөйлеген. Қажет кезінде ұғынықты болу үшін айтқан сөзін үш рет қайталаудан жалықпаған.

шуақ не ашулы кезінде де сөздің әділін ғана айтатын. Айтқан сөзінің артығы не кемі болмайтын. Өте анық айтатындықтан әрі сөздерінің расында бір мезет кідіретіндіктен, тындап отырған кісілер сөздерін тез жаттап алатын. Өзіне ұнамсыз бір жайтты сездіргісі келгенде, оны астарлап жеткізетін. Өзі тоқтағанда барып қасындағылар кезекпен сөз алатын. Құран Кәрімде: «Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқындар да, дұрыс сөз сөйлендер» делінген. Адам баласына Алла Тағала еркіндік берді, сол еркіндікті жалған дүниеде пайдалану білуі керек. Бұл үшін жақсы амалдар мен жақсы сөздер айтсақ, садақа есебін-

де жазылады, сол үшін Алла Тағала берген тілімізден, аузымыздан шыққан жаман сөзден сақтанайық. Алла Тағала қасиетті Құранда «Қаф» сүресінің 18-аятында: «Ол қандай сөз айтпасын, оның жанында дайын тұрған бақылаушы бар», – дейді. Хазреті Ибн Аббас былай деген: «Саған қажеті болмаған, пайдасы тимейтін мәселелерде ауыз ашып сөйлем, өйткені бұл артықша іс. Оның үстіне зиянынан да сенімді емессің. Қажетті сөздерді де орынсыз сөйлем! Көбінесе пайдалы сөздер орнын таба алмағандықтан жоғалып кетеді.»

Жақсы сөз сөйлеуге байланысты біреу сөз айтар болсақ: – Алла Тағала-

ның адамдарға жіберген елшілері мен пайғамбарлары ізгілікке, тура жолға жақсы сөздер айтып шақырған. – Жақсы сөз адамдар арасын жақындата түседі, жүректе бауырмашылдық оятып, татулыққа, бірлікке бастайды. – Жақсы сөз айтушы мен тындаушыға жан рахатын сыйлайды. – Жақсы сөз шынайы болады, жалған емес. – Жақсы сөз сөйлеушінің тілі бал, иісі әтір болады. – «Жақсы сөз – садақа». – Өзге жақсылық жасағын келіп, бірақ не нәрсемен беретіңізді білмесеніз, онда жақсы сөз айтыңыз, күлімсіреп қараңыз және көркем мінезбен мәміле жасаңыз. – Жақсы сөз айту – бағасы қымбат емес, ең жақсы сыйлық.

– Жақсы сөз – жылағанды жұбатады, шаршағанды басады, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. – Жақсы сөз – отбасын тұрақты етеді. – «Көркем сөз, тамыры мықты, бұтағы көктегі бір көркем ағаш тәрізді». Ақылды адам сөз сөйлегенде, бірінші жүрегінен өткізіп, кейін тілімен айтады. Жақсылықты қаласақ, өзімізден бастайық. Жақсы сөз – жарым ырыс екендігін ұмытпадық.

Қорыта келгенде, адамдық қасиеттерді кемелдендіре түсуде дұрыс сөйлеу білуге көңіл бөлудің орны ерекше. Өйткені, ол – адамның ішкі жан дүниесінің айнасы. Жүрек тазалығы мен ой тұнықтығының, мәдениеттілік пен кісіліктің белгісі «ақылдың таразысы. Иә, атам қазақ «Кісіні аузындағы сөзінен таны» деп бекер айтпаған. Алла баршамызды жақсылыққа жақын, жамандықтан аулақ еткелі!

**Нүрпезент ОМАРОВ,
Жезқазған қаласы Ахмет ишан
Оразайұлы мешітінің бас имамы**

ТАНЫМ

КӘМІЛ АДАМНЫҢ СИПАТЫ ҚАНДАЙ?



Барша әлем белгілі бір себеппен жаратылғаны мәлім. Адамзат сол әлемнің бір бөлшегі, демек оның да бұл дүниеге келуінде бір себеп бар. Алла Тағала қасиетті Құран кітабында «Ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы екенін сынау үшін өлім мен тіршілікті жаратқан» дей келе, адамның бұл дүниеге сынақтан өту үшін келгенін баяндайды. Сынағынан сүрінбей өткен, сондай-ақ тақуа болған құлдарына мәңгілік рахат мекені – жұмағын әзірлегенін хабардар етеді.

Адам баласы өзіне берілген ғұмырында жүрегіңдегі барлық дерт атаулыдан арылып, сол ихан дәрежесіне жетіп, кәміл инсан болып үлгеруі тиіс. Өйтпесе, Қияметте Алланың кешіріміне ие бола алмай қалса, дертінен, жүрегіңдегі күнә себепті пайда болған дақтардан тазару үшін отқа түсуге мәжбүр болады. Олай болмасы үшін Жаратқан Хақ Тағала кемелдікке жету жолдарын берген. Ол жолдары дінінде, шариятында жасырылған. Шарияттағы қай амалды алсаңыз да, адамды тәрбиелеу, кемелдікке жеткізу мәні жатыр. Бұған көз жеткізу үшін тек Ислам дінінің бес парызын талдап көрсек те жеткілікті.

Дініміздің негізі болған «кәлима шәһадат» сөздерін, яғни «Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Оның құлы һәм елшісі» деп куәлік еткен адамның күнәлары кешірілетіні баршамызға мәлім. Міне, осы мезетте ол дүниеден өтетін болса, жұмаққа лайық болады. Себебі күнәсі кешірілуімен қатар, оның жүрегіңде еш дақ, дерт қалмайды. Сонымен ол жәннатқа барады.


Қасиетті Құранда Алла: «Ақиқатында намаз арысыздан, жамандықтан тыяды» («*Ганкабут*») сүресі, 45-аят) деп баяндайды. Демек, намаз бізді жаман атаулыдан тосу керек. Алайда көп жағдайда олай болмай келеді. Себебі біздің намазға деген қарым-қатынасымыз дұрыс емес. Дұрыс болғанда, намаз өз «функциясын» орындар еді. Сол үшін намаздың мәнін түсініп орындасақ, күнәлардан арылып, кемелдене түсеріміз анық. Оған қоса намаз оқыған адам тәртіпке, тазалыққа дағдыланып кемелдене түседі. Осылайша дінің тірегі болған намаз адамды тәрбиелейді.

Оразаның парыз етілу мақсаты – тақуалықты арттыру, кемелдікке жету. Алла Тағала: «Сендердің тақуалықтарың арту үшін бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза парыз етілді» («*Бақара*») сүресі, 183-аят) дейді. Бұл дегеніміз – ораза тұтқан адам теріс әдеттерден, мінезден арылып, кемелдене түсуі тиіс деген сөз. Алланың елшісі де (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Ораза кезінде адам өтірік айтуын және жалған істерін тоқтатпайтын болса, онда Аллага, ондай адамның тамақ пен судан бас тартқанының керегі жоқ»* деп, оразаның түпкі мәніне назар аудартады. Сол үшін Рамазан айының оразасын тұтқан адам ай соңында өзгеріп шыға келу керек.

Жағдайы бар адамға парыз етілген – зекеттің де тәрбиелік мәні бар. Құранның «Тәубе» сүресінің 103-аятындағы Алла Тағаланың Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «(Мұхаммед) олардың малдарынан садақа ал да, ол арқылы оларды тазартып, берекелендіресің...» деген бұйырығынан зекет арқылы адамдардың өздерін де, мал-дүниесін де тазартатынын аңғарамыз. Себебі сараң па-

СҰРАҚ-ЖАУАП

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫН ҚОЛДАНУҒА РҰҚСАТ ПА?



Банк картасы – эмитенттің (айналысқа ақша, бағалы қағаз, есептесу-төлем төлеу құжаттарын шығарушы мемлекет, мекеме, ұйым) жеке және заңды тұлғаларға тауарлар мен қызметтердің ақсын қолма-қол ақшасыз төлеуге, қарыз алуға, сондай-ақ электронды терминал арқылы қолма-қол ақша алуға мүмкіндік беретін дербес төлем құралы.

Төлем карталарының көбірек таралған түрлері мыналар: дебеттік карта (Debit Card) және кредиттік карта (Credit Card).

Дебеттік карта – ұстаушысына клиенттің банк шотындағы ақша сомасы шегінде төлемді немесе ақша аударымын жасауға мүмкіндік беретін төлем карточкасы.

Дебеттік картада шоттан қаражаттың алынуы сол сәтте жүзеге асады. Бұл картада кредит беру қарастырылмайды. Картаны пайдаланғаны үшін клиенттен төлем алынбайды. Терминал арқылы қолма-қол ақша алғанда немесе басқа банкнен валютта сатып алғанда ғана ақы алынады. Дебеттік карта кейде ақысыз да шығарылады. Кейбір эмитенттер дебеттік картаны қабылдаушы тарапынан (акцептант) тауарлар мен қызметтер құнының белгілі бір пайызын алады (Әл-Мәғариф аш-шарғия, 77-78).

Кредиттік карта – эмитент пен клиент арасында жасалған банктік қарыз шартының талаптарымен эмитент берген банктік қарыз сомасы шегінде ұстаушысына төлемдерді немесе ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы.

Кейбір эмитенттер клиентке қарызды пайызбен немесе пайызсыз беруі мүмкін. Алайда қарызды уақытынан кешіктірсе, айыппұл белгіленеді.

Дебеттік картаның кредиттік картадан негізгі айырмашылығы, клиент ақшаны бірінші картаның шотына салады, содан кейін ғана онымен төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізе алады. Ал кредиттік картада эмитент тарапынан қарыз алады, кейін банк алдындағы берешегін белгіленген мерзімде өтеп береді.

Төлем карталардың сипаттамасына қарай оның шариғи үкімдері де әрқилы. Дебеттік картада эмитент пен клиент арасындағы байланыс уәкәлә (өкілдік) ретінде қарастырылады. Мұндай жағдайда эмитент қартаға байланысты төлемдерге ақы алуына болады.

Дебеттік картаның эмитенттің карта қабылдаушыларынан тауарлар мен қызметтер құнының белгілі бір пайызын алуына рұқсат етіледі (Нәзиһ Хаммад. Қадая фикһияту муасара, 153. Абдулуһабһа Әбу Сулайман. Әл-битақоту әл-банкия, 150. Әл-муамәләту әл-мәлияту әл-муасара, 128).

Бұл карта қабылдаушының (саудагер, қызмет көрсетуші т.б.) жарнамасына, тауардың өтуіне көрсеткен банктің қызмет ақысы болып саналады (Әл-жуәһибу әш-шарғия, 79). Оған қоса бұл карта арқылы карта қабылдаушыларға клиенттер тартылады. Себебі карта иесі картамен есеп айырысатын орынға ғана баратыны белгілі (Ислам фикһ академиясы, 8-саны, 2/623).

Карта иесіне шариғатта тыйым салынбаған ерекшеліктерді берудің оқасы жоқ. Мысалы, карта иесіне қызмет көрсетуде артықшылық беру, әуе компанияларында, қонақ үйлерде немесе мейрамханаларда бағаны төмендету секілді жеңілдіктер беріледі (Әл-Мәғариф аш-шарғия, 82). Төлем барысында клиентке қайтарылатын ешбөшке рұқсат етіледі. Яғни клиенттің бір затты сатып алу немесе төлемдер төлеу барысында картасына түскен бонустарды қолдануға болады. Алайда тек сол бонуска қол жеткізу мақсат болып қалмау керек.

Ал кредиттік карта эмитент пен клиент арасындағы байланыс қарыз ретінде қарастырылады. Бұл жағдайда карта шығарудың нақты құнынан басқа, ақы алуға жол берілмейді. Өйткені қарыздың үстінен ақы алу төрт мәзһаб ғалымдарының көзқарасы бойынша дұрыс емес. Оған қоса кредиттік картаның шартында кешіккен жағдайда клиентке өсімақы белгіленсе, тіпті карта иесі уақытында төлеп отыруға сенімді болса да, бұл картаны қолдануға болмайды. Өйткені қарыз келісімінде өсімді шарт етудің өзі оны пайдалануға тыйым салуға жеткілікті.

Ислам Фикһ академиясының №108, 2/12 қарарында: «Кредиттік төлем картаның негізінде өсімге алып баратын шарт қамтылған болса, оны шығаруға да, қолдануға да болмайды. Тіпті клиент ақысыз жеңілдігі бар кезеңде төлеуге ниетті болса да рұқсат жоқ», – делінген.

ҮКІМ:

- Дебеттік картаны қолдануға рұқсат етіледі.
- Эмитент карта қабылдаушыдан тауарлар мен қызметтер құнының белгілі бір пайызынан комиссия алуына болады. Бірақ карта қабылдаушы тауардың құнын өсірмей, нарықтағы бағаға сатуы қажет.
- Эмитент клиенттен картаның қызметіне, оны шығару мен қайта ауыстыруына, ақы алуына болады.
- Дебеттік карта арқылы алтын, күміс және қолма-қол ақшаларды сатып алуға болады.
- Клиенттің бір затты сатып алғаны үшін жеңілдік ретінде түскен бонустарды қолданудың оқасы жоқ.
- Кредиттік картада өсімге алып баратын шарт қамтылғандықтан, қолдануға болмайды.

Дереккөз: mufyat.kz

**Қанат АЛШЫНБАЕВ,
ҚМДБ діни оялту бөлімінің
менгерушісі**

DÜISENBI

10 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Ұлы дала дүбірi», 6:30 «Ақиқат пен аңыз», 7:40 «Анаға апарар жою», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Тәуелсіздік тағзымы», 13:20 «Қаһарлы күндер», 14:00 «Паншар», 15:55 «Джунгли қытығы», 17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 Әбілқайыр Әдіпхановтың концертi. 22:20 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:55 «Тәуін Хо Жун», 0:50 «Қузен жүйрi», 2:20 «Қаһарлы күндер», 2:45 «Ұлы дала дүбірi».

ХАБАР

6:00 «Бауыржан шоу», 7:00 «Таңғы хабар», 10:00 «Әсем әуенi», 11:00 «Тайны Сұбыы. Нысан», Маншук Мағметова, 12:00 «Они сражались за Родину», 13:30 «Спасите наших детей», 15:30 «Бауыржан Момышұлы», 17:00 «Отчий берек», 20:00 «Серебряный барельеф», 20:00 Корытанды жаңалықтар, 20:30 «Баянанаға бағыт». Прямой эфир. 21:00 Итоги дня. 21:30

SEISENBI

11 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Ұлы дала дүбірi», 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Қызық екен...», 13:00 АҚПАРАТ. 13:10 «Көңіл тоқыны», 14:00 «ТЕЛЕДРОПТЕР», 15:00 «Қузен жүйрi», 16:00 «Ауылдастар», 16:35 «ҚАЙСАР ХАНША», 17:00 АҚПАРАТ. 17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN», 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:20 «Тәуін Хо Жун», 0:15 АҚПАРАТ. 0:50 «Ashyq алаң», 1:35 «Ораза қабыл болсын», 2:10 «Теледөңгелек».

ХАБАР

6:00 «Бауыржан шоу», 7:00 «Таңғы хабар», 10:00 «Әсем әуенi», 10:15 «Қолда я жолда», 12:15 «Бәсеке», 13:15 «Егіз жүрек», 15:00 «Бүгін», 16:00 «Асыл қазына», 17:00 «Отчий берек», 18:00 «Оружейнай барельеф», 20:00 Корытанды жаңалықтар, 20:30 «Баянанаға бағыт». Прямой эфир. 21:00 Итоги дня. 21:30

SÄRSENBI

12 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Ұлы дала дүбірi», 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Қызық екен...», 13:00 АҚПАРАТ. 13:10 «Ахмет Ясауи», 14:00 «ТЕЛЕДРОПТЕР», 15:00 «Жарқын жүзеге», 16:00 «Ауылдастар», 16:30 «Тәуелсіздік тарландары», 17:00 АҚПАРАТ. 17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN», 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:20 «Тәуін Хо Жун», 1:00 АҚПАРАТ. 1:35 «Ashyq алаң», 2:25 «Ораза қабыл болсын».

ХАБАР

6:00 «Бауыржан шоу», 7:00 «Таңғы хабар», 10:00 «Әсем әуенi», 10:15 «Қолда я жолда», 12:15 «Бәсеке», 13:15 «Егіз жүрек», 15:00 «Бүгін», 16:00 «Асыл қазына», 17:00 «Отчий берек», 18:00 «Голливуд крик атақтар», 20:00 Корытанды жаңалықтар, 20:30 «Индустрия», 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда», 23:30 «Офицерские жены», 1:15 «Әсем әуенi».

BEISENBI

13 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өрнектері», 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Қызық екен...», 13:00 АҚПАРАТ. 13:10 «Ахмет Ясауи», 14:00 «ТЕЛЕДРОПТЕР», 15:00 «Қымбат жандар», 16:00 «Ауылдастар», 16:30 «Тұлға», 17:00 АҚПАРАТ. 17:20 «Көңіл тоқыны», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN», 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:20 «Тәуін Хо Жун», 1:00 АҚПАРАТ. 1:35 «Ashyq алаң», 2:25 «Теледөңгелек».

ХАБАР

6:00 «Бауыржан шоу», 7:00 «Таңғы хабар», 10:00 «Әсем әуенi», 10:15 «Қолда я жолда», 12:15 «Бәсеке», 13:15 «Егіз жүрек», 15:00 «Бүгін», 16:00 «Асыл қазына», 17:00 «Отчий берек», 18:00 «Образина: Код 211», 20:00 Корытанды жаңалықтар, 20:30 «Біздің назарда», 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда», 23:30 «Офицерские жены», 1:15 «Әсем әуенi».

JUMA

14 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өрнектері», 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Қызық екен...», 13:00 АҚПАРАТ. 13:10 «Ахмет Ясауи», 14:00 «ТЕЛЕДРОПТЕР», 15:00 «ӘЛЕМ АНАСЫ», 15:20 «АН ЖӘНЕ БІЗ», 15:50 «Тұлға», 16:15 «Егіз лебиз», 17:00 АҚПАРАТ. 17:20 «Егіз лебиз», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 АҚПАРАТ. 20:35 «ASHYQ ALAN», 21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:20 «Тәуін Хо Жун», 0:20 «PARASAT MAIDANY», 0:50 «Ashyq алаң», 1:40 «Теледөңгелек», 2:30 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Бауыржан шоу», 7:00 «Таңғы хабар», 10:00 «Әсем әуенi», 10:15 «Қолда я жолда», 12:15 «Бәсеке», 13:15 «Егіз жүрек», 15:00 «Бүгін», 16:00 «Асыл қазына», 17:00 «Отчий берек», 18:00 «Спарсы есепте», 20:00 Корытанды жаңалықтар, 20:30 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня. 21:30 «Қолда я жолда», 23:30 «Офицерские жены», 1:15 «Әсем әуенi».

SENBI

15 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өрнектері», 6:30 «Ғасырлар үні», 7:00 АҚПАРАТ. 7:35 «Алтай табығаты», 8:00 «Ұзақ ГҮМБІР КҮЙІНСЫБ», 9:00 «Ақсау қадан», «Момын мен қарашалар», «Таза бала», «Құйрышқы», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Айтқы», 14:00 «ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ», 14:35 «Достастық жырлар», Концерт. 17:00 «ҚАРКЫН ЖҮЗДЕСІ», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 «MASELE», 20:30 «ЕГІЗ ЛЕБИЗ», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБИЗ», 23:15 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 0:15 «Король сөзі», 2:15 «Misele», 2:50 «Тәуелсіздік төуекелдері», 3:25 «Ғасырлар үні».

ХАБАР

6:00 «Олжалды отбасы», 6:30 Мультфильм, «Күш атасы - Қаражыман», «Кіелі Қазығұрт», 7:30 «Өзін-өзі таңу», 7:40 «Әсем әуенi», 8:15 «Ауылдастар», 8:10 «Tangy fresh», 11:00 «Девочка и лисенок», 12:45 «Чужое гнездо», 14:45 «Қарлығаш қы салғанды», 16:15

JEKSENBI

16 MAMYR

QAZAQSTAN
6:05 «Дала өрнектері», 6:30 «Tolagai», 7:25 «Сағандырған әлеп-ай», 8:25 «Ұзақ ГҮМБІР КҮЙІНСЫБ», 9:25 «Misele», 10:00 «Асау толқын», 12:00 «Егіз лебиз», 14:15 «Егіз кірген мысық», 15:40 Нуболат Абдуллиннің концертi. 17:10 «ҚЫМБАТ ЖАНДАР», 18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН», 20:00 «АРТА», 20:50 «Қузен жүйрi», 22:30 «МАХАББАТ МҮНАРАСЫ», 0:05 «Әзіз әлемі», 1:10 «Арта», 2:00 «Қымбат жандар», 2:50 «Дала өрнектері», 3:15 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Олжалды отбасы», 6:30 Мультфильм, «Туркестан», «Көксәт өңірлері», 7:30 «Самолетшілері», 7:40 «Әсем әуенi», 8:15 «Ауылдастар», 2:10 «Хронограф», 11:00 «Discovery: Как устроена Вселенная», 12:45 «Чужое гнездо», 14:45 «Қарлығаш қы салғанды», 16:30 «Алтайбақан», 17:30 «Қызық times», 18:30

«Спати Ленинград», 23:30 «Офицерские жены», 0:30 «Остаться в живых», 1:30 «Әсем әуенi».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 7:30 «Қазақстандықтар - Кеңес Одағының батырлары», 7:40 Союзмультфильм, 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «Айтарым бар», 15:00 «Қазақстандықтар - Кеңес Одағының батырлары», 15:10 «Гризли и лемминги», 15:30 «Бизнестің драконы», 18:00 «Ұрланған тағдыр», 20:00 Үздік әзілдер, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Қош келдіңіз», 1:10 Үздік әзілдер, 2:00 «Бірәудің есебінен», 2:45 «KazNeb», 3:05 «Үздік әзілдер», 4:35 «Q-travel», 5:05 «Отбасы», 5:30 «Бірегейі».

КТК

07:05 «МӨССАҒАН», 07:50 «ӨН МЕН ӨНШІ», 09:50 «ЛИДИЯ», 12:00 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛУ», 15:40 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 21:00 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 22:50 «ЧУМАТ», 00:40 «Ф.И.ЛИ.НН», 01:20 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 02:05 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 04:10

«Қолда я жолда», 23:30 «Офицерские жены», 0:30 «Остаться в живых», 1:30 «Әсем әуенi».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Ұрланған тағдыр», 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «Айтарым бар», 15:00 «Гризли и лемминги», 15:30 «Интенри», 16:10 «Үздік әзілдер», 16:30 «Ханзада Жумон», 18:00 «Мәрия», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, Прямой эфир, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Қош келдіңіз», 1:10 ASTANA TIMES, 2:00 «Бірәудің есебінен», 2:45 «KazNeb», 3:05 «Үздік әзілдер», 3:50 «Интенри», 4:35 «Q-travel», 5:05 «Отбасы», 5:30 «Бірегейі».

КТК

07:05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ», 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 08:30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», 10:00 «БЫЛО ДЕЛО», 12:20 «ЧУМА», 14:10 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 16:10 «Ф.И.ЛИ.НН», 18:00 «АМАНАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 23:40 «ЧУМАТ», 01:15 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 01:15 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Ұрланған тағдыр», 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «Айтарым бар», 15:00 «Гризли и лемминги», 15:30 «Интенри», 16:10 «Үздік әзілдер», 16:30 «Ханзада Жумон», 18:00 «Мәрия», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 6/49, Прямой эфир, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Қош келдіңіз», 1:10 ASTANA TIMES, 2:00 «Бірәудің есебінен», 2:45 «KazNeb», 3:05 «Үздік әзілдер», 3:50 «Интенри», 4:35 «Q-travel», 5:05 «Отбасы», 5:30 «Бірегейі».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 08:30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «БЫЛО ДЕЛО», 12:20 «ЧУМА», 14:10 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 16:10 «Ф.И.ЛИ.НН», 18:00 «АМАНАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 23:40 «ЧУМАТ», 01:15 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 02:45 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 03:20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 04:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 04:30-04:50 «КТК»

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Ұрланған тағдыр», 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «30 лет Независимости» Тележурнал, 14:05 «Өмір – дастан» бағдарламасы, 14:25 «Үздік әзілдер», 16:30 «Ханзада Жумон», 18:00 «Мәрия», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, Прямой эфир, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Қош келдіңіз», 1:10 ASTANA TIMES, 2:00 «Бірәудің есебінен», 2:45 «KazNeb», 3:05 «Үздік әзілдер», 3:50 «Интенри», 4:35 «Q-travel», 5:00 «Отбасы», 5:30 «Бірегейі».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 08:30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «БЫЛО ДЕЛО», 12:20 «ЧУМА», 14:10 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 16:10 «Ф.И.ЛИ.НН», 18:00 «АМАНАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 23:40 «ЧУМАТ», 01:15 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:00 «АСТАРЛЫ АҚИКАТ», 02:45 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 03:20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 04:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 04:30-04:50 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Ұрланған тағдыр», 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «30 лет Независимости» Тележурнал, 14:05 «Өмір – дастан» бағдарламасы, 14:25 «Үздік әзілдер», 16:30 «Ханзада Жумон», 18:00 «Мәрия», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, Прямой эфир, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Қош келдіңіз», 1:10 ASTANA TIMES, 2:00 «Бірәудің есебінен», 2:45 «KazNeb», 3:05 «Үздік әзілдер», 3:50 «Интенри», 4:35 «Q-travel», 5:00 «Отбасы», 5:30 «Бірегейі».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 08:30 «УЛЫ ТАМШЫЛАР», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «БЫЛО ДЕЛО», 12:20 «ЧУМА», 14:10 «С ВОЛКАМИ ЖИТЬ...», 16:10 «Ф.И.ЛИ.НН», 18:00 «АМАНАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АУ-ДАМАЙСЫЗ», 20:35 «КТКweb», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ТАШЫ НА ПЕСКЕ!», 01:15 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:00 «АУ-ДАМАЙСЫЗ», 02:25 «КТКweb», 02:45 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 03:20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 04:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 04:30-04:50 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН».

«Маска», 18:00 «Алтайбақан», 19:00 «Қызық times», 20:15 «Отдел журналистских расследований», 21:00 «7 күн», 22:30 «Хабарлас», 23:00 «Охотники на ведьмы», 0:45 «Реплик».

АСТАНА

6:00 «Өн мен әзілі», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 «Маши и медведь», 10:00 «Тұмары», 11:30 «Қызым», 12:30 «Қайсар ханша», 14:00 «Иван Васильевич» мейіптi профессорi», 16:00 «Алдараспан», 18:00 «Мәрия», 20:00 «ИЗ первых уст», 20:25 «100 сұхбат» бағдарламасы, 20:55 Loto 6/49, Прямой эфир, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Заложник», 2:20 «Aziz keshi», 3:20 Той жыры, 3:50 «KazNeb», 4:10 «Үздік әзілдер», 5:00 «Бірегейі».

КТК

07:05 «ЙЕЛІ ҚЫРҚЫ ШЫРАҚТЫ», 07:50 «ҮЛКЕН ҮЙ-2», 08:45 «ҚЫЗ ҚЫЛЫҒЫ», 09:00 «БАСТЫ РОЛДЕР», 09:30 «КТКweb», 10:00 «СМЕЯТСЯ РАЗ-РЕШАЕТСЯ», 11:30 «ТАЩИ НА ПЕСКЕ!», 15:00 «ТУМАР», 19:20 «СЫЛ АНА», Максаттың сәтат дүстiгiнiң ил кешi, 21:00 «БОЛЬШЕ НОВОСТИ», 22:00 «АВАНТЮРА», 01:30 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:15

«Мәжіліс.Кз», 19:00 «Қызық times», 19:15 «Маска», 21:00 «7 күн», 22:00 «Большая неделя», 23:00 «Pro SPORT», 2:30 «Khabar boxing», 1:00 «Әзіз әлемі».

АСТАНА

6:00 Қазангер, 6:30 «Үздік әзілдер», 7:30 «Иван Васильевич мейіптi профессорi», 9:10 «Маши и медведь», 10:00 ТелеBingo, Прямой эфир, 10:25 «Тұмары», 12:00 «Қызым», 13:00 «Қайсар ханша», 14:30 «Такси 4», 16:40 «Алдараспан», 18:00 «Мәрия», 20:00 «Тәуелсіздік жолы», 20:25 Үздік әзілдер, 20:45 Азиз алақан, 21:00 «Қызым», 22:00 «Тұмары», 23:10 «Қайсар ханша», 0:20 «Bos times», 1:30 «Астана кеш көнілді», 3:30 «KazNeb», 3:50 «Әзіз әлемі» жасырын камера, 4:10 «Өн мен әзілі», 5:10 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «ЙЕЛІ ҚЫРҚЫ ШЫРАҚТЫ», 07:50 «СЫЛ АНА», 09:30 «СМЕЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», 11:20 «АВАНТЮРА», 15:00 «ТУМАР», 17:10 «ДЕВУШКА С ГЛАЗАМИ ЦВЕТА НЕБА», 21:00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ», 22:00 «НЕСМЕЛНАЯ ЛЮБОВЬ», 23:50 «Ф.И.ЛИ.НН», 02:10 «ПОМУРАД

04:50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ», 06:30 «Айна-online», 07:30 «Зыңғыр Күлшоп», 08:30 «Құтты қошақ», 09:00 «А зори здесь тихие», 13:00 «Серт пен сезім», 15:00 «Құтты қошақ», 15:30 Скетч-О-пелі, 16:00 «Крепостная», 17:00 «Психологини», 18:10 «Хорошие руки», 19:20 «Куба.Личное дело», 21:00 «НияМам», 21:30 «Хорошие люди», 22:00 «Серт пен сезім», 00:00 «Хорошие руки», 01:00 «Крепостная», 02:00 «Психологини», 03:00 Скетч-О-пелі, 03:30 «Ұлы Дала жанұясы», 04:30 «Айна-online», 05:00 «Жеңіл көр».

ДИДАР

08:00 «Гороскоп», 08:05 Документальный фильм, 09:00 М/ф, 09:30 Т/х «Аксу-Гзек», 12:00 Деректі фильм, 13:00«Шандық шырлар», 13:15«Жанлы жаылдар қантырғы» Бектай Облатұрға туралы, 13:50Мұрағат «Ешкім де, ештеңе де ұмытпаймыз...», 14:15 К/ф «Мәншүк туралы дастан», 16:00 «Кисса», 16:10 М/ф, 16:30 Т/х «Айналайын», 17:00 «Өн шаңу», 17:20 Т/х «Достар», 18:00 Деректі фильм, 18:30 «Гороскоп», 18:35 «Кисса», 18:45 М/ф.

02:45 «КӨКЕКТИҢ ҰЯСЫ», 03:20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСПІТІ», 04:00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 04:30-04:50 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ», 06:30 «Айна-online», 07:30 Скетч-О-пелі, 08:30 «Құтты қошақ», 09:00 «Универсальные люди», 11:00 «Куба.Личное дело», 13:00 «Серт пен сезім», 15:00 «Құтты қошақ», 15:30 «НияМам», 16:00 «Крепостная», 17:00 «Психологини», 18:10 «Хорошие руки», 19:20 «Куба. Личное дело», 21:00 «НияМам», 21:30 «Изоляция», 22:00 «Серт пен сезім», 00:00 «Хорошие руки», 01:00 «Крепостная», 02:00 «Психологини», 03:00 Скетч-О-пелі, 03:30 «Ұлы Дала жанұясы», 04:30 «Айна-online», 05:00 «Жеңіл көр».

ДИДАР

БІЛІМ САЛАСЫ ЗОР ҚОЛДАУҒА ИЕ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Барлық мектепке дейінгі ұйымдар Индиго24.kz бірінші электрондық платформасына қосылған. Платформа мемлекеттік деректер қорымен біріктірілген, бұл құжаттарды қолдануға жеңілдетіледі, бұл құжаттарды қолдануға жеңілдетіледі, бұл құжаттарды қолдануға жеңілдетіледі.

1 сәуірден бастап жаңа 2021-2022 оқу жылына мектепке 1-сыныпқа құжаттарды қабылдау басталды. Аяқталу мерзімі – 1 тамыз. Бұл оқу процесінің барлық катысушыларына ыңғайлы болу үшін жасалды. Ата-аналар қажетті құжаттарды уақытында тапсырып, оқу құралдарын жинақтай алады.

Өтінішті электрондық үкімет egov.kz арқылы немесе e.bilim.kz, сондай-ақ қағаз нұсқасында келесі құжаттарды ұсына отырып, бере алады:

- 1) ата-аналардан (немесе олардың орнындағы адамдардан) өтініш;
- 2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 3) 026/y-3 «баланың денсаулық паспорты» нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат;
- 4) 063/e нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат;
- 5) 2 дана 3×4 фото суреті.

Құжаттарды қабылдау мектептің қызмет көрсету аумағынан алғашқы үш өтініш берушіге жүргізіледі, содан кейін бір өтінішті басқа шағын учаскеден қабылдауына болады (3:1 қағидаты бойынша).

1-сыныпқа барлық 6 жастағы балалар және ағымдағы күнтізбелік жылы 6 жасқа толғандар қабылданады.

Оқу бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарындағы оқушылардың үлгеріміне ағымдық бақы-

лау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Осыған орай, мектеп бітіретін 9, 11-сынып түлектері қорытынды аттестаттаудан өтеді.

9-сынып оқушылары 3 емтихан тапсырады:

- оқыту тілі бойынша ессе түріндегі жазбаша емтихан;
- математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан;
- орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан.

11-сынып оқушылары 4 емтихан тапсырады:

- ессе түрінде оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан;
- алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан;
- Қазақстан тарихы бойынша тестілеу;
- орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бойынша тестілеу және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі бойынша тестілеу.

2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң педагогтың кәсіптік қызметте, материалдық қамтамасыз ету, көтермелеу, әлеуметтік кепілдіктер, педагогтың міндеттері мен құқықтарын көздейді. Атап айтатын болсақ, мектеп мұғалімдерінің сапалық құрамын арттыру үшін магистр дәрежесі бар тұлғалар үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақы көзделген. Қаламызда магистр дәрежесі бар 38 мұғалім бар, олардың барлығы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айлықтарына үстемасы алып отыр. Сондай-ақ сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін қосымша ақы төленіп отыр. Бұдан бөлек, педагогикалық шеберлік үшін де үстеме төленеді. Яғни аттестациядан өткен педагогтер үшін арнайы біліктілік санаты үшін үстеме ақы төленіп отыр. Осы аталғандар ескере отыра, Президентіміздің Жолдауына сәйкес «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануына орай, мұғалімдерді қайта даярлаудың жаңа жүйесін енгізу және жалақының



өсуі – мектеп педагогтерінің мәртебесін көтеріп, жас мамандардың жаңа ағымын қамтамасыз етуге ықпал етері сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес Ұлттық бірінші тестілеу рәсімін электрондық форматқа көшіру жұмыстарын бастады. ҰБТ электрондық форматта ағымдағы жылғы наурыз-маусым аралығында өткізіледі.

Наурыз-сәуір айларында ҰБТ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ақылы негізде оқуға түсуге ниет білдірушілер үшін өткізілді.

Сәуір айының 25-нен бастап 30 маусым аралығында ҰБТ білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысушылар үшін және жоғары оқу орындарына ақылы негізде оқуға түсуге ниет білдірушілер үшін де өткізіледі. Ол санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып және 2020 жылғы ҰБТ аясында қабылданған шараларға ұқсас шараларды қабылдай отырып жүргізіледі. Жезқазған қаласында ҰБТ 2021 жылдың 15 наурызы мен 10 сәуір аралығында Байқоңыров көшесі, 123 А ғимаратында (индустриальды-гуманитарлық колледж ғимаратының 3-кабатында) арнайы ҰБТ өткізу базасында өтті.

2021 жылға арналған бюджетте «Көктем» және «Ұшықан» балабақшалары, №9 мектеп-интернаты мен №133 негізгі мектебі күрделі жөндеуден өткізіледі.

Женіс ӘЛМАҒАНБЕТОВ,
Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы

Тәуелсіздік жылнамасы

2006 жыл
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 30 жыл
• Облыс әкімі Н.З. Нығматуллиннің 2006 жылғы 21 ақпандағы №23к өкімімен Мұса Турманұлы Танабаев Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалды.

• Маусым айында республикада тұңғыш рет Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайында «Есімдері көше атына берілген тұлғалар» атты көрме ашылды.

• 29 қыркүйекте Алаш алаңына Абылай хан ескерткішін орнату туралы Жезқазған қаласы әкімдігінің №1184/9 қаулысы шықты.

30 қыркүйекте Жезқазған қаласының 91-орамында жаңадан бой көтерген №10 орта мектептің тұсаукесер рәсімі өтті. Жаңа үлгіде салынған үш қабатты мектептің құрылысын салуға республикалық бюджеттен 330 млн. теңге қаржы бөлінді.

• «Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының менеджмент сапасы жүйесіне сәйкестігі сертификаттына ие болды.

• «Жомарт» кенішінде (бұрынғы атауы «Жаман Айбат») дайындық жұмыстары аяқталып, кен өндіру басталды.

• Облыс әкімінің «Менің аулама» бағдарламасы бойынша 9-орамда Гоголь көшесі 10-үйдің алдында балалардың ойын алаңы пайдалануға берілді.

• «Жезқазған қаласының жастар одағы» қоғамдық бірлестігі құрылып, жұмысын бастады.

• Қалалық тарихи-археологиялық музейде осы ұжымның және Жезқазған қалалық мешіті, «Қазақстан қажылары қауымдастығы» республикалық діни қоғамы Жезқазған филиалының қатысуымен «Жезқазған қажылары» атты көрме ұйымдастырылды.

• №8 казак гимназиясында ұстаздарға ұстаз болған Нәпеса Шенеуқызына арналған ескерткіш тақта ашылды.

• «Айнұр» салтанат үйінің тұсаукесер рәсімі өтті.

• Жүрек және қан тамырлары ауруларымен ауыратын жандарға мамандандырылған көмек көрсететін «Жүрек» ЖШС ашылды.

• Жезқазғанда республикалық ақындар айтысы өтті.

2007 жыл

• Қаңтарда С.Сейфуллин бульварындағы 39 «а» үйдің 4-кабатында Жезқазған қаласы мұрағатының жеке құрамы бойынша филиалы ашылды, заңды тұлға ретінде қалалық әділет басқармасына тіркелді.

• 20 наурызда Серке Қожамқұлов атындағы казак музыкалы-драма театрында «Ұлытау» фольклорлық ансамблінің 20 жылдығына арналған кеш-концерт өтті.

• Мамырда жезқазғандық ақын-жазушылардың, өнер адамдарының ба-сын біріктіретін «Нұр-Құрыш» қоғамдық бірлестігі құрылды.

• 5-6 қыркүйекте Елбасы, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Қарағанды облысында іссапармен болып, Жезқазған, Сәтбаев қалаларын аралады. «Нұр Отан» ХДП қалалық өкілдігі ғимаратының ашылу салтанатына қатысты.

• 21 желтоқсандағы қаламыздың батыс бөлігінде жаңадан ашылған шағын ауданның бір көшесіне Жезқазған қалалық әкімдігінің №51/2 қаулысына және Жезқазған қалалық мәслихатының 21 желтоқсандағы №3/46 шешіміне сәйкес Ер Шошпан есімі берілді.

• Байқоңыр ғарыш айлағының қазақ жеріне, жалпы табиғатқа, халыққа тигізіп жатқан зияны жөнінде жариялық болуына қол жеткізу, құлаған зымыран зардаптарын жоюға байланысты белгіленген іс-шараларға қоғамдық тұрғыдан бақылау жасауды мақсат еткен бастамашыл топ «Байқоңыр» қоғамдық қозғалысы құрылды. Топ жетекшісі – Аманжол Дәукенов.

• Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес халыққа «Бір терезе» жүйесі бойынша қызмет көрсету мақсатында Халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды.

• С.Қожамқұлов атындағы казак музыкалы-драма театрында ел есінде қалған асыл бейнелер, кеңді өлкенің мақтаныштары, аяулы ақын ана Нұрсиде Борменбаева, жырыш, термеші, айтыскер ақын Шыңболат Ділдебаев, сазгер-әншілер Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Жаксыкелді Сейілов пен Есқожа Сартовты еске алуға арналған «Жезқазғанның сөнбес жұлдыздары» атты фестиваль-концерт болып өтті.

• Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес салынған алғашқы ипотекалық үй беріліп, 20 жезқазғандық көптен күткен қоныс тойларын тойлады.

• Байдарка мен канозде есуші Аня Чебоксарова Ираннан үш алтын медальмен оралды.

Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві

МӘЛІМ-БЕЙМӘЛІМ

ҒАЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Талай жанның көз жасына қалып, қаншама адамның өмірін қиған 1941-1945 жылдардағы зұлматты жылдардың залалы ешқашан ұмытылмасы, жасу жүрек жасуынгерлер ерлігі естен шығып, естелік беттерін жойылмасы анық. Осы тұста КСРО мен Германия арасында болған Ұлы Отан соғысы туралы мәлім де беймәлім біршама деректермен бөлісек.

Ұлы Отан соғысы 1941 жылдың 22 маусымында таңғы сағат 4-тің кезінде неміс әскерінің Кеңес Одағының батыс шекарасына басып кіруімен басталды. Аталған алапат соғыс 3 жыл, 10 ай, 18 күнге созылды. Яғни, 1418 күн тыныштықсыз Кеңес жерінде қан құйы ұрыс жүрді.

Көптеген тарихшы және дінтанушы ғалымдар кеңестен соғыс басталуы 1941 жылдың 21 маусымы күні Әмір Темір мүрдесінің қазылуымен байланыстырады. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге сүйенер болсақ ұлы қолбасшының қабірін ашар болса, жойқын соғыс басталып, халық қырғынға ұшырайтыны айтылған екен.

«Вниманием, говорит Москва!» дейтін айрықша қайратты, өктем диктор даусы есіңізде ме? Бұл әйгілі радио тілшісі, дубляж шебері Юрий Левитанның даусы. Аталған дауысты Гитлер өте қатты жек көрген. Тіпті диктордың басы үшін 250 мың неміс маркасын тіккен көрінеді. Дегенмен, Кеңес әскерлері Левитанның қауіпсіздігін қамтамасыз еткен. Осылайша Левитанға Женісті хабарлау бақыты бұйырды. Өйткенмен, соғыстан кейін Кеңес Одағы Левитанның даусы жақынынан айрылған жандарға зұлматты жылдар қасіретін еске түсіреді деп радиодан алып

тастап, жас мамандарды даярлау жұмысын тапсырған.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғысқа 34 млн 476 мың адам қатысқан. Ресми мәліметтер бойынша Орта Азия елдерінен соғысқа 3 миллион жауынгер қатыса, оның 1 млн 366 мыңы қазақстандық. Қан майданға Қазақстанның әрбір 5-ші азаматы аттанды. Ал соғысқа аттанған қазақстандық жауынгердің әрбір екіншісі майдан даласында қаза болған. Сондай-ақ, 601 815 жауынгер елге оралған жоқ.

Бір қызығы КСРО соғыста қаза тапқандар санағын сексенінші жылдарға дейін жүргізбеді. Шетел зерттеушілерінің пікірінше, оған себеп соғыста 7 млн-дай кеңестік әскер қаза тапса, жау жағынан бар жоғы 2 млн ға жетер жетпес әскер шығыны болған-мыс.

Ұлы Отан соғысында әйел адамдардың да еңбегі ерекше. Майдан алаңына білек сыбана еніп, соғысқан кеңестік нәзікжандылар саны 600 мыңнан 1 млн аралығында болды. Олардың 80 000-ы офицер қыз-келінішектер еді. Бұл әйел адамдардың қатарында 87-сі Кеңес Одағының батыры атағын алды.

Соғыс жылдарында өмір сүрген балалардың өмірі де аса ауыр болды. Балалық шағы

азапты жылдармен тұспа-тұс келген олар жетімдік, аштық, зорлық-зомбылық зардабын тартты. Соғыс тұсында неміс әскерлері 2-6 жас аралығындағы славян тектес ұлт өкілдерінің балаларын ұрлап алып кетіп, Германиядағы балалар үйіне өткізетін. Бұл балаларға неміс есімдері беріліп, неміс тілі үйретілді. Кеңестік идеологияға қарсы тәрбие берілді. Оларды кеңестік балалар екенінен бейхабар неміс халқынан асырап алғандар да аз емес еді.

Ұлы Отан соғысы жылдары 5 балаға Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Олар 14-15 жастағы балалар еді. Ең өкініштісі, жауға қарсы тыңшылық еткен бұл балалардың барлығы қаза тапқан немесе фашистердің жазалауымен өлтірілген.

Соғысқа адамдармен қатар жан-жануарлар да жұмылдырылған. Кеңес Одағынан соғысқа 60 сапер іт қатысты. Соғыста барлық аймақты көлікпен қамтамасыз ету мүмкін емесі анық. Соған сай Астрахан маңындағы майданда ойсызқара көмегіне жүгінген. Осылайша Ұлы Отан соғысына 300-ден аса түйе жұмылдырылған.

Соғыс кезінде фашистік Германия жағына өтіп кеткен кеңестіктер болған. Олардың



саны, әсіресе, 1944 жылы тым жиілеген екен. Кеңес әскері құрамына енгісі келетін немістік тыңшылар да көп болған. Олар кеңес азаматы ретінде жалған құжаттар жасап, елге енуге тырысқан және оларды ажырату өте қиын болған. Дегенмен оларды кеңес әскерлері бірден тауып алған. Себебі олардың құжаттарындағы қысқашы темір жалтыраған болатын жасалыпты, ал кеңес әскерлерінің темірден жасалғандықтан бірден тот басып кететін көрінеді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МӘМС: КІМ, ҚАНША ТӨЛЕЙДІ

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды іске асыру басталды. МӘМС жүйесі жарна мөлшеріне қарамастан, барлық сақтандырылған адамдардың қызметкер пакетіне тең қолжетімділігіне негізделген. Бұл ретте МӘМС бойынша көмек алу үшін жүгінген кезде пациент медициналық қызметтердің көлемі мен құнын шектемейді.

Медициналық сақтандыруға не үшін төлем жасау керек?

Медициналық сақтандыру төлемдерін аудару – азаматтарға медициналық қызметтің сақтандыру пакетін пайдалануға мүмкіндік береді. Медициналық сақтандыру пакеті тегін көмекке қарағанда көптірлі әрі сапалы қызмет алуға мүмкіндік береді. Сақтандырылған адамдар дәрігерге қаралу мен ем қабылдауға кететін шығындарға алаңдамаса да болады. Сондықтан медициналық сақтандыру төлемдерін аударған тиімді. Әлбетте, бұл медициналық сақтандыру жарнасын төлемеген азаматтарға медициналық қызмет көрсетілмейді деген сөз емес. Олар учаскелік терапевт қабылдауына жазылып қана қоймай, тексерістен өтіп, бірқатар қауіпті дерт бойынша тегін ем алады. Жедел медициналық жәрдемінің қызметі де ақысыз болып қала береді. Медициналық сақтандыруды халық неғұрлым көбірек жасаса, жүйе соғұрлым тұрақталады.

Жарнаны кім және қанша төлейді?

Заң бойынша барлық жұмыс істейтін азаматтардың табыстарынан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне жарналар алынуда тиіс. Жарна мөлшері – еңбекақының 1,5%-ы. Әзірше жарнаны мемлекеттік құрылымдар мен жекеменшік ұйымдарда жұмыс берушілер төлейтіндіктен, бұл қызметкердің жалақысына есер етпейді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төлететін жарналардан азаматтардың 15 санаты босатылады:

- балалар;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерімен марапатталған көп балалы аналар және «Бағур ана» атағы бар аналар, сонымен қатар I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордені иегерлері;
- ҰОС қатысушылары мен мүгедектері;
- мүгедектер;
- жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар;
- интернатта оқитын және тәрбиеленетін тұлғалар;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беретін мекемелерде, сонымен қатар жоғары оқу орнынан кейінгі резидентурада күндізгі оқу түрінде оқитын тұлғалар;
- бала тууына, бала асырап алуына, 3 жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты демалыста отырған тұлғалар;
- жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, 3 жасқа дейінгі баласын тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін әйелдер;
- зейнеткерлер;
- әскери қызметкерлер;
- арнайы мемлекеттік орган қызметкерлері;
- құқық қорғау органы қызметкерлері;
- сот үкімімен жазасын өтеп отырған тұлғалар, қауіпсіздігі төмен мекемелерді қоспағанда;
- уақытша ұстау және тергеу изоляторларында жатқан тұлғалар.

Анвар ЮСУПБЕКОВ,
«Бексейітова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибедегі дәрігері

Hayat Vax вакцинасы туралы не білеміз?

Hayat-Vax (SARS-CoV-2, Vero Cell) вакцинасы - бұл белсенділігі жойылған коронавирустық инфекцияға қарсы вакцина. Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ), Рас-Аль-Хайма қаласындағы «Жулпар» фармацевтикалық өндірісінде шығарылған.

Қазіргі таңда әлемнің 34 мемлекетіне вакцинаның 50 миллионнан астам дозасы қолдануға жіберілген.

Hayat Vax вакцинасының қауіпсіздігі

Hayat Vax –вакцинасын жасау үшін байырғы, бірақ дәлелденген белсенділігі жойылған вакцина жасау технологиясы қолданылады.

Осы технологияның көмегімен вирус организмде қорғаныс антиденелерін түзу қабілетін сақтай отырып, жойылады.

Hayat Vax –вакцинасын жасау үшін байырғы, бірақ дәлелденген белсенділігі жойылған вакцина жасау технологиясы қолданылады.

Осы технологияның көмегімен вирус организмде қорғаныс антиденелерін түзу қабілетін сақтай отырып, жойылады.

Вакцина бір дозалық құтқыда қол жетімді.

Иммунизациядан кейінгі жағымсыз көріністер, соның ішінде вакцинациялаудан кейін ауыр аллергиялық реакциялар тіркелмеген.

@coronavir2020_kz